


ҚАЗАҚ ТІЛІ

Негізгі оқулық



Қарапайым деңгей



811.512.422(02)
Қ-12 К

**Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова**

**«Қазақ тілі»
деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің
Негізгі оқулығы (қарапайым деңгей) + CD**

Алматы
2013

УДК 811.512.122
ББК 81.2 Каз
Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.

Авторлар ұжымы:
Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова

Қ17 «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығы (қарапайым деңгей) + CD. / Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова және т.б. – Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2013. – 180 б.

ISBN 978–601–7514–05–1

«Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығында **қарапайым деңгейге** сәйкес іріктелген 11 тақырып пен коммуникативті бағыттағы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілді.

Оқулықтағы оқу материалдары түрлі тақырыптар аясында жүйеленген. Оқулықта күнделікті коммуникативті қарым-қатынаста қолданылатын отбасылық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби, ойын-сауық, ресми-іскери мазмұндағы лексиканы тіл үйренушіге меңгерту және ой-пікірін қарапайым деңгейде жеткізуге дағдыландыратын грамматикалық нысандарды игерту мақсаттары көзделді.



УДК 811.512.122
ББК 81.2 Каз

ISBN 978–601–7514–05–1

© ҚР МАМ Тіл комитеті, 2013
© Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова, 2013

Ынтымақты отбасы

Ақ босағам

Берекелі дастарқан



Көрікті қыз

Киім – адам көркі

Дені саудың – жаны сау

Көркем мінез



Жеті түс

Атамекен

Білім жолы

Менің Отаным

МАЗМҰНЫ

№	Тақырып	Беті	Грамматикалық минимум	Беті
1	Ынтымақты отбасы	8	Сілтеу есімдігі. Ілік септігі. Тәуелдік жалғауы. Оңаша тәуелдеу.	134
2	Ақ босағам	22	Тәуелдік жалғауы (ортақ тәуелдеу). Жедел өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше түрі). Көптік жалғау. Болымды және болымсыз етістік.	135
3	Берекелі дастарқан	32	Ауыспалы осы шақ (жекеше түрі). Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Болымды және болымсыз етістік. Үстеу.	137
4	Көрікті қыз	46	Зат есім. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы. Сын есім. Сын есім шырайлары. Нақ осы шақ (күрделі түрі). Жіктік жалғау (көпше түрі).	138
5	Киім – адам көркі	58	Сын есім. Жатыс септік. Барыс септігі. Жіктік жалғау.	140
6	Дені саудың – жаны сау	68	Жедел өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Табыс септігі. Септік шылаулар. Барыс септігі.	142
7	Көркем мінез	78	Туынды сын есім. Болымды және болымсыз етістік. Табыс септігі.	144
8	Жегі түс	88	Өздік есімдігі. Жатыс септік. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы.	145
9	Атамекен	98	Шығыс септігі. Көмекші есімдер. Барыс септігі. Жатыс септігі.	146
10	Білім жолы	110	Көмектес септігі. Қалау рай. Жіктік жалғау (жекеше түрі).	147
11	Менің Отаным	120	Күрделі сан есімдер. Көсемше.	148
12				

Тақырыптық оқу сөздігі	Беті
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	149
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	151
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	154
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	156
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	159
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	161
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	163
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	166
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	168
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	171
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	173
Отбасы. Ана мен бала. Отан. Туған жер. Денсаулық. Білім, білім алу. Бірлік, сыйластық. Еңбек, еңбекқорлық. Табиғат. Табиғат байлығы. Той, думан, қуаныш. Заман, уақыт. Ас, тағам. Қайырымдылық, мейірімділік.	176

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

Қазақ тілінің әліпби жүйесі үш кезеңді басынан өткізді.

1-кезең: 1929 жылға дейін араб графикасы қолданылды.

2-кезең: 1929-1940 жылдарда латын графикасы болды.

3-кезең: 1940 жылдан бастап кирилл графикасы пайдаланылды.


Қазіргі қазақ әліпбиінде 42 әріп бар.

Қазақ тіліне тән дыбыстардың саны – 9.

Оқығанымызды түсінеміз

1. Төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Қазақ әліпбиі неше кезеңге бөлінеді?
2. Араб графикасы нешінші жылға дейін қолданылды?



Қазақ әліпбиімен танысайық.

Баспа әріптері	Жазылуы	Оқылуы
Аа	<i>Аа</i>	а
Әә	<i>Әә</i>	ә
Бб	<i>Бб</i>	бә
Вв	<i>Вв</i>	вә
Гг	<i>Гг</i>	гә
Ғғ	<i>Ғғ</i>	ға
Дд	<i>Дд</i>	дә
Ее	<i>Ее</i>	йә
Ёё	<i>Ёё</i>	йо
Жж	<i>Жж</i>	жә
Зз	<i>Зз</i>	зә
Ии	<i>Ии</i>	ый, ій
Йй	<i>Йй</i>	й
Кк	<i>Кк</i>	ка
Ққ	<i>Ққ</i>	қа
Лл	<i>Лл</i>	эл
Мм	<i>Мм</i>	эм
Нн	<i>Нн</i>	эн
Ңң	<i>Ңң</i>	эң
Оо	<i>Оо</i>	о
Өө	<i>Өө</i>	ө
Пп	<i>Пп</i>	пә
Рр	<i>Рр</i>	эр
Сс	<i>Сс</i>	эс
Тт	<i>Тт</i>	тә
Уу	<i>Уу</i>	ұу, үу
Ұұ	<i>Ұұ</i>	ұ
Үү	<i>Үү</i>	ү
Фф	<i>Фф</i>	эф
Хх	<i>Хх</i>	ха
Һ	<i>Һ</i>	һа
Цц	<i>Цц</i>	цә
Чч	<i>Чч</i>	чә
Шш	<i>Шш</i>	ша
Щщ	<i>Щщ</i>	ща
Ъ	<i>Ъ</i>	айыру белгісі
Ыы	<i>Ыы</i>	ы
Іі	<i>Іі</i>	і
Ь	<i>Ь</i>	жіңішкелік белгісі
Ээ	<i>Ээ</i>	э
Юю	<i>Юю</i>	ю
Яя	<i>Яя</i>	я



1

ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ



Лексикалық қор

адам, әке, аға, іні, ұл, ата, сәби, немере, ана, әже, әпке, сіңлі, қыз, қарындас, тату-тәтті, туыс, бүлдіршін, жасөспірім



Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

Оқимыз

Мәтінді оқыңыздар.

Ынтымақты отбасы

Бұл – менің отбасым. Мына кісі – менің әкем. Оның аты – Талап. Әкем – инженер. Анамның аты – Айсұлу. Ол – мұғалім. Ал мынау – менің інім Берік. Ол жеті жаста. Раушан – менің қарындасым. Ол университетте оқиды.

Атам мен әжем – зейнеткерлер. Атам мен әжемнің төрт немересі бар. Мен де олардың немересімін. Атым – Қуандық. Атам мен әжем бізбен бірге тұрып жатыр. Біздің отбасымыз тату-тәтті және ынтымақта тұрады. Мен атам мен әжемді, әкем мен анамды және туыстарымды өте жақсы көремін.



2. Сөйлемдерді мәтін бойынша толықтырыңыздар.

1. – менің отбасым.
2. – менің әкем.
3. – инженер.
4. Раушан – қарындасым.
5. – Қуандық
6. мен – зейнеткерлер.

Грамматика

3. Сілтеу есімдігін табыңыздар.

- Бұл – менің інім.
Мынау – менің қарындасым.
Ол – менің ағам.
Бұл кісі – менің әкем.

Үлгі: *Бұл – менің апам.*

4. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының астын сызыңыздар.

- Әкемнің аты – Талап.
Анамның аты – Айсұлу.
Інімнің аты – Берік.
Қарындасымның аты – Раушан.

Үлгі: *Менің атым – Қуандық.*

5. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді жазыңыздар.

- | | |
|----------------------|------------------------------------|
| Менің тіл үйретушім. | Менің тіл үйретушімнің аты - |
| Сенің | Сенің тіл үйретушіңнің аты - |
| Сіздің | Сіздің тіл үйретушіңіздің - |
| Оның | Оның тіл үйретушісінің аты - |

6. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

- Отбасыңызда неше адам бар?
– _____ .
- Әке-шешеңіз қайда тұрады?
– _____ .
- Олар зейнеткерлер ме?
– _____ .
- Олардың немерелері бар ма?
– _____ .
- Олардың неше немересі бар?
– _____ .

7. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.

Мен атым – Гүлназ.

Сен атың – Гүлназ.

Менің атым – Гүлназ.

Сіздің ініңіз есімі – Мұрат.

Сенің атың – Іңкәр.

Сіздің ініңіздің есімі – Мұрат.

8. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіздер.

1. үлкен

1. кәрі

2. жас

2. жаман

3. жақсы

3. кіші, кішкентай

9. Суретке қарап, керекті сөзді жазыңыздар.



Бұл – кішкентай



Мына кісі – үлкен



Бұл – жас



Бұл кісі – қарт



Ол – ескі



Бұл – жаңа

Сөйлеу әдебі

10. Асты сызылған сөздерге назар қойып оқыңыздар.

- Абзал, танысып қой. Бұл – менің отбасым.
- Мынау кім?
- Бұл – менің әкем. Әкемнің аты – Талап.
- Ал мына кісі – менің анам. Оның аты – Айсұлу.
- Рақмет! Мен енді сенің отбасыңды білемін.

11. Сұхбатты репликамен жазыңыздар.

Жазылуын ескеріңіздер.

- _____, Қуандық. Бұл – менің отбасым!
- Мынау кім?
- Бұл – менің әкем. Оның аты – Талап. Ал мына кісі – анам. Оның есімі – Айсұлу.
- _____! Мен енді сенің отбасыңды білемін.
- _____.
- _____.

РЕПЛИКАЛАР

көріскенше,
рақмет,
сәлем,
сау бол

12. Сұхбатты оқып, сөйлесіңіздер.

Менің ағам

Абзал: – Қуаныш, танысып қой. Бұл – менің отбасымның суреті.

Қуаныш: – Абзал, мынау кім?

Абзал: – Бұл – менің ағам Ғалымжан.

Қуаныш: – Ол Кембридж университетінде оқи ма?

Абзал: – Иә, ол Кембридж университетінде оқиды.



*Анашым!
Әкешім!
Ағатайым!*

13. Суреттерді сұхбат мазмұнымен сәйкестендіріңіздер.



Тыңдаймыз. Жазамыз

**14. Электронды поштаны қараңыздар,
Ғалымжанның жазған хатымен танысыңыздар.**

Гүлжан, сәлеметсің бе? Жағдайың қалай? Отбасы аман ба? Оларға сәлем айт. Менің жағдайым жақсы. Мен шағын отбасында тұрамын. Қазір ағылшынша жақсы сөйлеймін. Тіл үйретушіміз – жақсы адам. Англияға үйрендім. Жаңа достарым да көп. Университетім қаланың ортасында орналасқан. Лондон – көрікті қала.

Ғалымжан



15. Сұхбатты тыңдаңыздар, бос орынды толтырыңыздар.

Ғалымжан Англияда оқиды

- Сәлем, Ғалымжан! Сен қайдан келдің?
- Мен Қазақстаннан келдім. Сен ше?
- Мен Түркиядан келдім. _____.

Тіл үйренуші және тіл үйретуші

- Сәлеметсіздер ме? Мен тіл үйретушімін.
- Аты-жөнім – Айжан Мақсатқызы.
- Сәлеметсіз бе, Айжан Мақсатқызы?
- Жағдайың қалай, Ғалымжан?
- Рақмет. Хал-жағдайым жақсы.

16. Берілген жауаптарға сұрақ жазыңыздар.

- _____ ?
 – Бұл – менің әкем.
 — _____ ?
 – Ал мына кісі – менің анам. Оның аты – Айсұлу.
 — _____ ?
 – Берік жеті жаста.

Ойбөліс

17. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Айбек: Танысайық! Менің атым – Айбек.

Бану: Ал менің атым – Бану.

Айбек: Мен он тоғыз жастамын. Зарина, сен нешедесің?

Зарина: Жиырма жастамын. Мен Банудың досымын.

Жазамыз

18. «Отбасы» сөзін жекеше, көпше түрде тәуелденіздер.

	жекеше	көпше
I	Менің әкем	Біздің әкеміз
II	Сенің _____	Сендердің _____
II	Сіздің _____	Сіздердің _____
III	Оның _____	Олардың _____

Біздің отбасы...

Біздің ана...

Біздің ата...

Біздің әже...

19. Берілген сөздерді III жақта тәуелденіздер.

Оның

немере... әпке...
 ұл... туыс...
 қарындас... қыз...

Үлгі:

Оның немересі

Тыңдаймыз. Жазамыз

20. Мәтінді тыңдаңыздар.

Ата мен әже

Ата – отбасындағы құрметті адам. Ол өз ұрпағының мейірімді, ақылды болуын армандайды. Ол немерелеріне үнемі ақыл айтып отырады. Атамды сенің әкең де, шешең де, ел де сыйлайды.

Әжең сені өте жақсы көреді. Ол нәрестені, балдырғанды, бүлдіршінді, жасөспірімдерді тәрбиелейді. Әжені әрқашан құрметтеу керек.

21. “Ата мен әже” мәтінін тындап, зат есімдер мен сын есімдерді теріп жазыңыздар.

Ойбөліс

22. Ретке келтіріп, полилог құрыңыздар.

- Сәлем! Иә, мен Қазақ ұлттық өнер университетінде оқимын.
- Сәлем, Фархад! Сен Қазақ ұлттық өнер университетінде оқисың ба?
- Жоқ, олар бір университетте оқымайды. Менің інім политехникалық колледжде оқиды.
- Бахрам, сенің інің бар ма? Шахноз екеуі бірге оқи ма?
- Шахноз Қаржы академиясында оқып жүр.
- Мен сенің ініңді білемін. Ол өте білімді екен.
- Иә, оның рас. Ол – ақылды бала.

Жазамыз

23. Сөйлемдерді сәйкестендіріңіздер. Берілген сөйлемдерді сұрақтар бойынша салыстырыңыздар.

Сендер бір университетте оқисыңдар ма?

Сіңлім Қаржы академиясында оқиды.

Оның жасы нешеде?

Інім политехникалық колледжде оқиды.

Отбасың қай қалада тұрады?

Иә, біз бір университетте оқимыз.

Інің қай колледжде оқиды?

Оның жасы бесте.

Сіңлің қайда оқиды?

Алматы қаласында тұрады.



24. Сұраққа жауап жазыңыздар.

Сіз неше жастасыз?

№	Кім?	Жасы нешеде?
1	ата	75 жаста
2	әже	70
3	әке	50
4	шеше	48
5	әпке	24
6	іні	7

Үлгі:

- Бұл кім?

- Бұл – ағам.

Ол жиырма тоғыз жаста.

1. Сілтеу есімдіктерін тауып, астын сызыңыздар.

Мен, бұл, сіз, мынау, сендер, анау, сонау, біз, біздің, ол, сол, қанша, кім, сіздер, осынау, осы, сен, өз, ешкім.

2. Көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауын жазыңыздар.

Отбасы..., бала..., ұл..., қыз..., ағам..., інің... , сіңлім..., анам..., әкем..., әжем... , зейнеткер..., Айсұлу..., Раушан..., Берік..., қарт..., қарындас... .

3. Тәуелдік жалғауын жалғап жазыңыздар.

Отбасы..., әке..., ана..., іні..., қарындас..., дос..., тіл үйретуші..., ата..., немере..., шеше..., ұл..., әпке..., сіңлі..., аға..., әже..., бала..., тіл үйренуші..., компьютер... .

4-жаттығу. Жоғарыдағы тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерді жуан-жіңішке қатарға топтастырыңыздар.

жуан түбірлі сөз	жіңішке түбірлі сөз
<p>анам+ның</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p>інім+нің</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>

5. Отбасы мүшелерін атап жазыңыздар.



.....

.....

.....

.....

.....

.....

.....



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Бүгін біздің үйге бір шетелдік азамат келді. Мен оған өз отбасымыздың тілі, діні, ділі туралы айтып бердім. Ол осы әңгіме барысында өз ойымен бөлісті (ол осы отбасының ынтымағы, татулығы, отбасы мүшелерінің бір-біріне құрметі жөнінде ой-пікірін білдіруі мүмкін).

2

АҚ БОСАҒАМ



Лексикалық қор

адам, үй, қабат, пәтер, бөлме, жиһаз, үстел, орындық, айна, кереует, шам, ойыншық, теледидар, кітап сөресі, ыдыс, тоңазытқыш, қоныстой, көрімдік, шашу



Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Менің жаңа үйім

Менің ата-анам үй сатып алды. Ол – жаңа, екі қабатты үй. Көлемі 200 шаршы метр. Үйдің сәулеті де ерекше. Онда бес бөлме бар: қонақ бөлме, балалар бөлмесі, екі жатын бөлме, қазақы бөлме және ас бөлмесі.

Ата-анам қонақ бөлмесі мен ас бөлмесіне жиһаз сатып әкелді. Қонақ бөлмеде теледидар, үстел, орындық, диван тұр. Менің

бөлмем үлкен және жұмыс істеуіме өте ыңғайлы. Онда кереует, жұмыс үстелі, сағат, компьютер, кітап сөресі бар.

Ас бөлменің дизайны әдемі. Онда газ плитасы, тоңазытқыш, ас үстелі, шам, ыдыс қоятын шкаф орналасқан. Маған жаңа үйім өте ұнады. Біз туыстарымызды қоныстойға шақырдық. Қонақтар жаңа үйімізге көрімдік берді. Әжем шашу шашты.

3. Мәтін бойынша жиһаздарды бөлмелерге қойыңыздар.



Ас бөлмесі

Қонақ бөлмесі

Өзінің бөлмесі



Грамматика

4. Мәтіннен ілік септігі мен тәуелдік жалғауында тұрған сөз тіркестерін табыңыздар.

Үлгі: *қонақ бөлмесі/қонақтың бөлмесі*

5. Мәтіннен жедел өткен шақ тұлғасындағы етістіктерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: *сатып алды*

6. Кестені толтырып, берілген үлгі бойынша сөйлем құрыңыздар.

Не бар?

Не жоқ?

Менің бөлmemде

Сенің бөлmeңде

Үлгі: *Менің бөлmemде теледидар бар.
Сенің бөлmeңде кітап сөресі жоқ.*

Қандай?

Қайда?

Неше?

7. Тірек сөздерді пайдалана отырып, төменде берілген жауапқа сұрақ жазыңыздар.

- _____ ?
 — Менің пәтерім үлкен.
 — _____ ?
 — Үйім Сейфуллин көшесінде орналасқан.
 — _____ ?
 — Пәтерімнің нөмірі – жиырма екі.

Сөйлеу әдебі

8. Асты сызылған сөздерге назар аударып оқыңыздар.

- Сәлеметсіздер ме?
 — Қош келдіңіздер! Төрге шығыңыздар!
 — О-о! Қандай әдемі үй! Құтты болсын!
 — Рақмет!

9. Сұхбатты репликамен жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

- *Сәлеметсің бе?*
 — *Мақсат, _____, _____.*
 — *Қандай көрікті үй!*
 — _____!

РЕПЛИКАЛАР

қош келдің,
 төрге шық,
 құтты болсын

Оқимыз. Сөйлейміз

10. Сұхбатты оқып, сөйлесіңіздер.

Бөлмеде

- Асылзат:* — Дамира, үйің қандай тамаша!
 Бөлмелерің үлкен, жарық әрі жылы екен.
 Екінші қабатта қандай бөлмелер бар?
Дамира: — Жүр, көрсетейін.
Асылзат: — Жақсы, жүр. Бөлмеңді көрейін.

Ғажап!
Тамаша!
Қандай әдемі!

Тыңдаймыз. Жазамыз

11. Мәтінді тыңдаңыздар.

Қазақы бөлме

Бұл – қазақы бөлме. Бөлмеде ою-өрнекті дөңгелек үстел, сандық, сырмақ, төр көрпе бар. Төрде ұлттық оюмен өрнектелген

сандық тұр. Сандықтың үстінде төр көрпелер жатыр. Қазақы бөлменің төрінде әдемі қара домбыра ілулі тұр. Ортасында киіз сырмақ жатыр. Сырмақтың оюы қызыл, жасыл, сары, көк.

12. Мәтінді тағы да тыңдап, қазақы бөлмедегі заттардың атын жазыңыздар.

Ойбөліс

13. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Қанат: – Мен Астанада көп қабатты үйде тұрамын.

Пәтерім жетінші қабатта.

Надир: – Қай көшеде тұрасың?

Қанат: – Қалдаяқов көшесінде тұрамын.

Өмір: – Мен Жамбыл көшесіндегі төрт қабатты үйде тұрамын.

Асқар: – Мен қаланың орталығында жаңа үйде тұрамын.

Өмір: – Сенің жаңа үйіңді көрейік.

Асқар: – Менің үйіме жүріңдер, қонақ болыңдар.

14. Берілген суреттердің төрт түрлі айырмашылығын табыңыздар.



Үлгі:
Бірінші үй – сары,
екінші қара,
.....

Аударма

15. Сөз тіркестерін аударыңыздар.

Сөз тіркестері

көп қабатты үй
тұрғын үй
ағаш сандық
дөңгелек үстел
киіз сырмақ
ескі үй
жаңа үй
жатын бөлме
бөлменің төрінде

Аудармасы

16. Сұхбатты толықтырыңыздар.

Дамираның үйіне құрбысы Асылзат келді.

Дамира: Асылзат, қош келдің! Төрге шық!

Асылзат:

Дамира: Асылзат, мынау – менің бөлmem.

.....

Асылзат: Бөлmeң үлкен, жарық екен.

.....

Дамира: Мен жаңа компьютер сатып алдым.

.....

Асылзат: Құтты болсын!

17. Сөздерді қарама-қарсы мағыналары бойынша сәйкестендіріңіздер.

1. Үлкен

2. Жылы

3. Таза

4. Жарық

1. Қараңғы

2. Лас

3. Суық

4. Кішкентай

18. Бөлмені сипаттаңыздар.



Шахноздың бөлмесінде ...

Грамматика

19. Сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: 200 шақырым жер.

200

шақырым/км
метр
шаршы метр

20. Есептік сан есімдерді реттік сан есімдерге айналдырыңыздар.

Үлгі: 2 – екінші

15	→	_____	40	→	_____
300	→	_____	70	→	_____

Сөйлеу әдебі

21-жаттығу. Асты сызылған сөздерді есте сақтаңыздар.

- Қоныстойға сізді шақырғым келеді.
- Шақырғаныңыз үшін алғыс айтамын!
- Қоныстой құтты болсын!
- Төрлетіңіз, жоғары шығыңыз!

Жазамыз

22. Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап жазыңыздар.

1. – Кімдер жаңа үй сатып алды?
– _____.
2. – Қоныстойға кімдер келді?
– _____.
3. – Жаңа үйге кімдер көрімдік берді?
– _____.
4. – Кім шашу шашты?
– _____.

23. Сұхбатты репликамен толықтырыңыздар.
Жазылуын ескеріңіздер.

- О-о, пәтерің жайлы, жылы екен!
- Қоныстой _____!
- Келіңіз! _____, _____.
- _____ рақмет.

РЕПЛИКАЛАР

төрлетіңіз,
жоғары шығыңыз,
құтты болсын,
шақырғаныңыз үшін

Қатысым

24. Сұхбатты оқып, сөйлесіңіздер.

Жаңа пәтер

- Райхан: - Кеш жарық!
Гүлжан: - Қайырлы кеш!

Райхан: – Бүгін ағам үйге дизайнерді шақырды.
Ол үйдің ішкі қабырғаларын әсемдейді.

Гүлжан: – Сендер жаңа пәтер алдыңдар ма?
Дизайнер қандай кеңес берді?

Райхан: – Ол үйдің төбесіне бояумен ою-өрнек салу, еденге қара
қоңыр паркет төсеу, қабырғасына жібек тұсқағаз
жапсыру, терезелерге әдемі түрлі-түсті перделер ілу
жөнінде кеңес берді.

Гүлжан: – Қызық екен. Дизайнердің жобасын көргім келеді.

Райхан: – Ертең қонаққа кел.

Мен саған компьютердегі өзім салған жобаны көрсетемін.

Гүлжан: – Кездескенше!

ЖАЗЫЛЫМ

25. Көптік жалғауын жалғаңыздар.

Бөлме..., үстел..., орындық..., кереует..., көше..., үй..., телефон..., ойыншық...,
пәтер.., жиһаз..., қабырға...

26. Көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауын жазыңыздар.

Үй..., пәтер..., бөлме..., теледидар..., диван..., компьютер..., орындық...,
көше..., жиһаз..., сағат..., кереует...

27. Төмендегі етістіктерге жедел өткен шақ қосымшаларын жалғап жазыңдар.

Айт..., жаз..., сатып ал..., сөйле..., тыңда..., біл..., ұна..., көр..., тұр...,
таныстыр..., оқы..., бар..., қара..., кір..., кешір...

28. Төмендегі етістіктерді есімдіктермен тіркестіріңіздер.

Үлгі: *Мен жинадым.*

_____ тұрдым, _____ бардың, _____ отырдың,
_____ жүрдіңіз, _____ көрдіңіз, _____ келді, _____

3

БЕРЕКЕЛІ ДАСТАРҚАН



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ
№ 293252

Лексикалық қор

тамақ, дастарқан, таңертеңгі ас, түскі ас, кешкі ас, көкөніс, жеміс-жидек, нан, май, ет, сүт, балық, тауық еті, қуырдақ, сусын

таңертеңгі ас

түскі ас

дастарқан

көкөніс

жеміс-жидек

нан

май

кешкі ас



сүт

ет

тауық еті

балық

сусын

Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Берекелі дастарқан

Біз көп қабатты үйде тұрамыз. Біздің көршіміз – Әсемгүл. Әсемгүлдің отбасы тату-тәтті тұрады. Қазақ халқында «тату болсаң, ас көп» деген жақсы сөз бар. Ол үйдің дастарқаны мол. Әсемгүлдің анасы – Айсұлу. Айсұлу апай асты өте дәмді даярлайды. Ол таңертеңгі асқа үнемі ірімшік, қаймақ, жұмыртқа, құймақ қояды. Түскі асқа тауық етінен сорпа, палау, кейде мәнти немесе тұшпара дайындайды. Ал кешкі асқа жеңіл тағамдар жасайды. Айсұлу апай бауырсақ пен шелпекті жақсы пісіреді.

Айсұлу апай бізді туған күніне шақырды. Дастарқанға, балық, қуырдақ, көкөніс салаттары мен жеміс-жидектер және түрлі сусындар қойды. Біз ол кісіге алғыс айттық.



3. Мәтіннен ауыспалы осы шақта тұрған етістіктерді табыңыздар.

Үлгі: *даярла-й-ды.*

4. Мәтіннен үстеу мен сын есімдерді теріп жазыңыздар.

5. Кестені толтырып, берілген үлгі бойынша сөйлем құрыңыздар.

Әсемгүл ... ұнатады.

Әсемгүл ... ұнатпайды.

көкөніс	сәбізді, қызанақты, қауынды	қиярды, қарбызды
жеміс	алмұртты, бананды, алманы	ананасты, кивиді
тағам	балықты, қуырдақты, палауды, етті	тауықты, сорпаны, жұмыртқаны
сусын	алмұрт шырынын, жүзім шырынын	айранды, шайды, сусынды
тәттілер	тоқашты, чак-чакты	қантты, кәмпитті

6. Сұраққа жауап жазыңыздар.

Үлгі: *Әсемгүл палауды ұнатады.
Әсемгүл қиярды ұнатпайды.*

1. - Әсемгүл көкөністерден нені ұнатпайды?

- _____.

2. - Әсемгүл қандай тағамдарды ұнатады?

- _____.

3. - Ол алмұртты ұната ма?

- _____.

4. - Ол қандай шырынды ұнатпайды?

- _____.

5. - Әсемгүл тәттілерден нені ұнатады?

- _____.

7. Төмендегі сызба бойынша әңгімелесіңіздер.

ҰНАТАМЫН

ТӘТТІЛЕРДЕН	ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕРДЕН	КӨКӨНІСТЕРДЕН
ҚАНТ	АЛМҰРТ	СӘБІЗ
КӘМПИТ	ЖҮЗІМ	ҚИЯР
БАЛ	ҚҰЛПЫНАЙ	ҚАУЫН

8. Диалогті толықтырыңыздар.

- Алло, балам, таңертеңгі асыңды (ішу) бе?
- Иә, мен шай (ішу).
- Балам, ірімшікті неге (жемеу)?
- Мен ірімшікті (ұнатпау).

9. Сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.



Шыны табақтың оң жағында,
үлкен қасық, пышак,
сол жағында,
үлкен шанышқы,
кішкентай шанышқы,
алдында,
шай қасық,
жанында,
стақан

Сөйлеу әдебі

10. Асты сызылған сөздерге назар аударып оқыңыздар.

Зейнеп: - Кеш жарық, Осман, төрге шық! Дәм ал!

Осман: - Рақмет!

Зейнеп: - Осман, қуырдақтан алып отыр.

Осман: - Қуырдақтың дәмі балдай екен!

Зейнеп апай, сіз үнемі асты жақсы әзірлейсіз.

Зейнеп: - Рақмет, ас дәмді болсын!

кеш жарық,
рақмет,
ас дәмді болсын

**11. Сұхбатты репликамен жазыңыздар.
Жазылуын ескеріңіздер.**

- _____, Раушан!
- Сәлеметсің бе?
- Мерекелік палау дәмді әзірленген.
- _____ !

12. Әңгімелеп беріңіздер.

Кеше

таңертеңгі асқа
түскі асқа,
кешкі асқа



қандай тағам дайындадыңыздар?

13. Рөлге бөліп оқыңыздар.

Таныс емес сөздерді жазып алыңыздар.

- Даяшы:* – Кеш жарық! Қош келдіңіздер! Төрге шығыңыздар!
Ақылбек: – Сәлеметсіз бе? Бізге ас мәзірін беріңізші!
 Камилла, сен қандай тағамды ұнатасың? Не жейсің?
Камилла: – Мен мәнтіні ұнатамын. Мәнті жеймін.
Ақылбек: – Абзал, сен ше?
Абзал: – Мен тауық сорпасын ішемін, содан кейін
 құймақ жеймін.
Ақылбек: – Даяшы, мәнті, тауық сорпасын, құймақ және алма
 шырынын әкеліңізші!
Даяшы: – Жақсы, қазір әкелемін.

Даяшы: – Астарыңыз дәмді болсын!

14. Сұхбатты оқып, сөйлесіңіздер.

Дәмхана



Дастарқан
мәзірі


Ыстық
тағамдар
Сорпа
Қазақша ет
Кеспе
көже

Десерт

Балмұздақ
Алма пирогы

Сусындар

Алма шырыны
Шай
Лимонад



Дәмді ас

- Асқар:** – Сымбат, мен тұшпараны ұнатамын. Оны неден әзірлейді?
- Сымбат:** – Тұшпараны ет пен ұннан дайындайды. Бахрам, құймақты неден әзірлейтінін білесің бе?
- Бахрам:** – Құймақты сүттен, жұмыртқадан, ұннан, қанттан әзірлейді.
- Сымбат:** – Бүгін дәмханадан пицца жедім. Маған өте ұнады. Оны қалай даярлайды екен? Сен білесің бе, Асқар?
- Асқар:** – Иә, білемін. Оны ұннан, қызанақтан, ірімшіктен, сары майдан, еттен әзірлейді.



*Асыңыз дәмді болсын!
Тәбетіңіз ашылсын!
Тамақ дәмді екен!*



ПИЦЦА

Көкөністі пицца

камыр – 500 г.
картоп – 2
сәбіз – 1
қызанақ – 1
пияз – 2
сарымсақ – 2
өсімдік майы – 5 қасық
бұрыш, тұз

Картоп, сәбіз, пиязды төртбұрышты етіп кесіп, қуырады.

Қамырды 0,5 см жұқалап жаяды.

Ортасына қуырылған қызанақ пен көкөністі салады.

Тұз бен бұрышты сеуіп, 200-220 градусты 25 минут пісіреді.

Тыңдаймыз. Жазамыз

шыны ыдысты
шанышқыны
стақан
кішкентай қасық
шыны ыдыстың
үлкен қасықты
пышақ
шыны ыдыстың

15. Мәтінді толық тыңдаңыздар.

Бағанадағы сөздермен толықтырыңыздар.

Бүгін Әсемгүлдің туған күні. Әсемгүл достарын шақырды. Әсемгүл дастарқанға _____ қойды. _____ оң жағына _____ пен _____, сол жағына _____ қойды. _____ алдында _____ жатыр және _____ тұр.

16. Кім қайда отыр?



қарсысында
оң жағында
сол жағында
шетінде
жанында

17. Полилогті монологке айналдырыңыздар.

Дамира: – Арсен, Әсемгүл сені туған күніне шақырды ма?

Арсен: – Иә, шақырды.

Байрам: – Мені де шақырды. Сыйлық сатып алайық.

Олжас: – Сыйлық ... Не сыйлаймыз?

Арсен: – Әсемгүл тәтті тағамдарды жақсы көреді.
Торт алайықшы.

Дамира: – Гүл де алайық. Әсемгүлге гүл де ұнайды.

18. Дамираның SMS-ін толықтырыңыз.

Сәлем, Оксана!

Біз ... туған күніне бардық.

Туған күнде ... , ... , ... болды.

Біз Әсемгүлге ... , ... сыйладық.



Аударма

19. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Сөйлемдер	Аудармасы
Тату үйдің дастарқаны мол.	_____
Көршіміз асты жақсы пісіреді.	_____
Шыны ыдыстың сол жағына	_____
шанышқы қойды.	_____
Достары Әсемгүлге гүл сыйлады.	_____
Айсұлу апай бауырсақ пісірді.	_____
Әжем тостағанға қымыз құйды.	_____
Аққұманмен шай құйды.	_____

20. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

Кімнің туған күніне барамыз?
 Оған қандай сыйлық аламыз?
 Ол дастарқанға не қойды?
 Әпкем неден салат жасады?
 Айсұлу апай бауырсақ пісіргенді ұната ма?
 Менің достарыма қандай тағамдар ұнады?

21. Сәйкестендіріңіздер.



тауық еті
 тоқаш
 бауырсақ

жұмсақ
 тәтті
 дәмді

22. Берілген сөздерге тәуелдік және барыс септігінің жалғауларын жалғап жазыңыздар.

дос дос + ым дос + ым + а
 әже
 ата
 шеше

Сөйлеу әдебі

23. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыздар.

– Қош келдіңіздер! Төрге шығыңыздар! Дастарқанға келіңіздер! Отырыңыздар!
 – Әсемгүл, туған күнің құтты болсын!
 Біз саған денсаулық, бақыт және мол табыс тілейміз!

Тыңдаймыз. Жазамыз

24. Мәтінді тыңдаңыздар. Оқыңыздар.

Ұлттық тағам

Ұлттық тағам түрлері – ұлттық мәдениетіміздің үлкен бір саласы. Ол – салт-дәстүріміздің, өмір сүру ерекшеліктеріміздің әлеуметтік мұрасы. Олай болса, Қазақстанға келген қонақтарымыз қазы-қарта, қымыз-шұбат, құрт-ірімшік, тары, балқаймақ, бауырсақтан және тағы басқа тағамдардан дәм татады. Ал Түркияға барған жолаушы “пахлава” дейтін тәттіден, Үндістанға

барғандар сырдан (сүттен жасалған), Өзбекстанда палаудан, сондай-ақ, Қырғыстанда бозадан ауыз тиеді, базарлық алады.

(“Қазақы дастарқан” кітабынан)

25. Мәтінді тындап, ұлттық тағамдардың атын теріп жазыңыздар.

Ойбөліс

26. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

чак-чак,
лағман,
дастарқан көркі

Дильноз: – Райхан, сенің әжеңнің бауырсағы бізге ұнады.

Райхан: – Солай ма? Рақмет!

Зульфия: – Ал маған біздің ұлттық тағамымыз чак-чак ұнайды.

Бүркіт: – Чак-чак деген не? Нан ба?

Зульфия: – Ол – бал қосылған тәтті тағам.

Мереке: – Дильноз, лағман сендердің ұлттық тағамдарың ба?

Дильноз: – Иә, ол – біздің ұлттық тағамымыз.

Райхан: – Қазақтың дастарқанына барлық ұлттың тағамдары қойылады.

Бүркіт: – Дастарқанға бірінші нан қою керек.
Нан – дастарқан көркі.

Жазамыз

27. Сәйкестендіріңіздер.

1. Дастарқанды кім дайындап жатыр?

Айгүл қуырдақты жақсы көреді.

2. Салатты кім жасады?

Дастарқанды Айсұлу апай дайындап жатыр.

3. Айгүл нені жақсы көреді?

Салатты әпкем жасады.

28. Сөйлемді дамытыңыздар.

1. Көкөніс дүкенінде
2. Сәбіздің түсі
3. Айсұлу апай кешкі асқа
4. Туған күн дастарқанына
5. Сүт тағамдарына
6. Үстелге май мен бауырсақ
7. Талғат балмұздақты, кәмпітті
8. Абзал жұмыртқаны
9. Мен түсте кейде мәңгі, кейде
10. Асханада тұшпара,



29. Сөздердің орнын ауыстырып, сөйлем құрыңыздар.

1. Үстелдің, үстінде, жатыр, шанышқы, пышақ
2. Ол, мол, үйдің, дастарқаны
3. Мен, қасық, сатып, тәрелке, шәйнек алдым
4. Кешкі, жейді, асқа, тағамдар, жеңіл
5. Сен, кеше, алдың, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім, сатып

30. Сұхбатты оқып, өзара сөйлесіңіздер.

Дәмді тағам

- Айнұр:* – Сәлем, Дина! Қош келдің!
Төрге шық! Шай іш!
- Дина:* – Рақмет. Шай ішейін.
- Айнұр:* – Асқабақ орамасының дәмін тат.
- Дина:* – Орама қандай дәмді! Кім пісірді?
- Айнұр:* – Мен өзім дайындадым.
- Дина:* – Ораманы қалай дайындадың?
- Айнұр:* – «Дәмді және тез» бағдарламасынан көрдім.

*шай ішемін
орамасының
дәмін тат
өзім дайындадым
дастарқан көркі
ішкім келеді
жегім келеді*



Асқабақ орамасы

- Бидай ұны – 350 г
- Асқабақ – 400 г
- Жұмыртқа – 1
- Жұмыртқаның сарысы – 1
- Құмшекер – ½ стақан
- Тұз



- Ұн, жұмыртқа және тұз қосып, қамыр әзірлейді.
- Асқабақты төртбұрышты етіп кеседі де, оған құмшекер қосады.
- Қамырды жұқалап жайып, үстіне асқабақты салып, орайды.
- Ыдысқа салып, 250°-та пісіреді.

31. Қимыл атауларын берілген үлгі бойынша жазыңыздар.

Үлгі: *Дайында-қайында+й+мын*

іш _____
қайнат _____

қуыр _____
шайна _____

пісір _____
же _____

32. Төмендегі етістіктерді ауыспалы осы шақтың болымсыз нысанында жазыңыздар.

кел..., кет..., кешір..., қуан..., сатып ал..., біл..., бар..., ал..., жақсы көр...

33. Үстеулерге қойылатын сұрақтарды анықтап, жақша ішіне жазыңыздар.

Айсұлу сорпаны тез () дайындайды. Ақылбек үнемі () сүт ішеді. Анам палауды жылдам () пісірді. Ас мәзірі шапшаң () дайындалды.

34. Бағананы толтырыңыздар.

-ЫМ, -ІМ, -М	-ЫМЫЗ, -МЫЗ, -ІМІЗ, -МІЗ
<p>Үлгі: дастарқан + ым</p> <p>тамақ(ғ) –</p> <p>тағам –</p> <p>ас –</p> <p>азық-түлік(г) –</p> <p>танертеңгі ас –</p> <p>пышақ(ғ) –</p> <p>сусын –</p> <p>жеміс –</p> <p>сәбіз –</p> <p>шай –</p> <p>стақан –</p>	<p>дастарқан + ымыз</p> <p>тамақ –</p> <p>тағам –</p> <p>ас –</p> <p>азық-түлік –</p> <p>танертеңгі ас –</p> <p>пышақ –</p> <p>сусын –</p> <p>жеміс –</p> <p>сәбіз –</p> <p>шай –</p> <p>стақан –</p>

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (,) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Сөйлем басында келетін **Иә, Жок** сөздерінен кейін үтір қойылады.

35. Иә, жоқ сөздерінен кейін келетін тыныс белгісін қойыңыздар.

Үлгі:

- Қуаныш, түскі асынды іштің бе?
- **Иә**, іштім.
- Семинарға дайындалдың ба?
- **Жоқ**, қазір дайындаламын.

1. – Бүгін театрға барасың ба?

– Жоқ бармаймын.

– Сен барасың ба?

– Иә барамын.


2. – Фархад, сен палауды ұнатасың ба?

– Жоқ мен палауды ұнатпаймын.

– Палауды ет пен күріштен әзірлей ме?

– Иә ет пен күріштен әзірлейді.

36. Сурет бойынша жеміс-жидек және көкөніс атауларын жазыңыздар.



37. Берілген суреттерді пайдаланып, сөйлем құрыңыздар.





СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

«Сіз тамақ түрлерін білесіз бе?» ойыны

Топ мүшелері бір-біріне кішкентай допты лақтырып, «А» әрпінен басталатын тағам түрлерін айтады. Келесі ойынға қатысушы «Б» әрпінен басталатын ас түрін айтады. Осылай жалғаса береді.

Дәрісхананы екі не үш топқа бөліп, әр топқа сөйлеу жағдаяттық тапсырма береді. Топ мүшелері осы жағдаятқа қатысты сұхбат құруы керек.

Сіз мейрамханаға барып, өзіңізге ұнаған тағамдарға тапсырыс бердіңіз. Кешкі ас іштіңіз. Алайда сіз ақшаңызды үйде қалдырып кеткеніңізді білдіңіз. Бұндай жағдайда не істейсіз?


Сіз досыңызбен бір мәселеге байланысты әңгімелескіңіз келді. Бірақ дастарқан басында бейтаныс адам отырғанын байқадыңыз. Оған не айтар едіңіз?

4

КӨРІКТІ ҚЫЗ



Лексикалық қор



адам, бас, шаш, құлақ, маңдай, көз, қас, мұрын, ерін, мойын, дене, қол, саусақ, аяқ, еңбекқор, әдепті, алғыр, келбетті



келбетті

әдепті

еңбекқор

алғыр

Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Көрікті қыз

Жадыра – өте сұлу қыз. Ол – сұңғақ бойлы, ақшыл жүзді, қоныр көзді келбетті қыз.

Жадыраның әдемі, ұзын қара бұрымы бар. Оның тәмпиш мұрны өзіне жарасып тұр. Ол – қиылған қара қасты қазақ қызы. Томпақ ерні анасына ұқсайды. Жадыраның көркіне мінезі сай. Ол – ақкөңіл, алғыр, еңбекқор және аса талантты қыз. Ол ән салады және әдемі билейді.

Ол ұлттық киім кигенді ұнатады. Жадыра ән тыңдауды, қызықты кітап оқуды, тәтті және дәмді тағамдарды дайындауды жақсы көреді.



3. Қарама-қарсы мағынадағы сөйлемдерді сәйкестендіріңіздер.

Жадыра сұңғақ бойлы.

Жадыраның шашы ұзын.

Жадыра – дөнгелек жүзді қыз.

Айжанның шашы қысқа.

Айжан – қысқа бойлы қыз.

Айжанның беті сопақша келген.

Грамматика

4. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының астын сызыңыздар.

Үлгі: *Динараның беті*

Айжанның көзі
Күнсұлудың келбеті
Гүлжанның бет-жүзі
Абзалдың маңдайы
Жадыраның мінезі

Жазамыз

5. Сөздер мен сөз тіркестерін сәйкестендіріңіздер.

1) шашын

2) бетін

3) тісін

1) жуды

2) тазалады

3) өсірді



6. Дұрыс жазылған сөз тіркесін белгілеңіздер.



Шашы ұзын

Шаш ұзын

Көзі үлкен

Көз үлкен

Мойны ұзын

Мойын ұзын

Саусағы қысқа

Саусақ қысқа

7. Сұраққа жауап жазыңыздар.

1. – Жадыра қандай қыз?

– _____.

2. – Оның бұрымы қандай?
– _____.
3. – Жадыраның дене сымбаты қандай?
– _____.
4. – Оның ерні қандай?
– _____.
5. – Жадыраның мінезі қандай?
– _____.

8. Қажетті сөздерді пайдалана отырып, суреттегі қызды сипаттап беріңіздер.

үлкен, кең, ұзын, дөңгелек, қара, қоңыр, қысқа

Сөйлеу әдебі

9. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыздар.

- Жұлдыз, шашың қандай әдемі!
- Бә-ре-кел-ді!
- Солай ма, көп рақмет!

10. Сұхбаттың репликамен жазылуын ескеріңіздер.

- _____ күн!
- Дәрігер _____! _____ па?
- Рұқсат. Қай жерің ауырады?
- Маған суық тиіп қалды, жөтеліп жүрмін.
- Өкпенді тыңдайын.
- Жүрегім де ауырады.
- Жүрегіңді де тексеремін.
- Жаксы.

РЕПЛИКАЛАР

*рұқсат, ханым,
қайырлы*

Оқимыз. Сөйлейміз

11. Сұхбатты оқыңыздар.

Әпкесі мен сіңлісі

- Әпкесі:* – Тәмпиш мұрынды сұлу қыз!
Сені сағынып қалдым ғой. Шашың қандай әдемі!
- Сіңлісі:* – Әпкетай, мен де сізді сағындым!
Шашымды өсіріп жүрмін.
- Әпкесі:* – Дұрыс, сен нағыз қазақтың қызысың!
- Сіңлісі:* – Рақмет, әпкетай!



*Сіз өте сымбаттысыз!
Тамаша!*

Сіздің шашыңыз өте әдемі!

12. Мәтінді тыңдаңыздар.

Тоғжанның портреті

Ол – Сүйіндіктің қызы Тоғжан. Толықша келген, аппақ жүзді. Қыр мұрын, қара көз қыздың жіп-жіңішке қасы да айдай боп қиылып тұр.

(М. Әуезов)

АУДИОДИКАНТ

13. Мәтінді тағы да тыңдап, Тоғжанның портретіне қатысты сөздерді жазыңыздар.

14. Кестедегі қатемен жазылған сөйлемдерді табыңыздар.

Әжей – шашы қысқа.
Атасының шашы ақ.
Немересі – шашы қара.

Әжемнің шашы ұзын.
Атасы – шашы қара ұзын.
Немересінің шашы бұйра, қара.

15. Суретке қарап, бас мүшелерін ретімен жазыңыздар.



Үлгі: Көз,

Ойбөліс

16. Полилогтен монолог жасаңыздар.

Лондон олимпиадасы – 2012

Райхан – Мақсат, спорт жаңалықтарын көрдің бе?

Мақсат: – Көрдім.

Жандос: – Біздің спортшылар медаль алды ма?

Мағжан: – Иә, Серік Сапиев алтын медаль алды.

Демір: – Бәрекелді! Ол – келбетті әрі тәжірибелі, мықты боксшы.

Бектас: – Жаңалықты мен де естідім. А.Винокуров та алтын медальді иеленді.

Абзал: – Бәрекелді! Ол да сымбатты, ұзын бойлы спортшы. Жеңімпаздар көбейе берсін!

Райхан: – Спорт еңбекқор, қайсар адамдарды қажет етеді.

Мағжан: – Дұрыс айтасың.

Аударма

17. Сөз тіркестерін аударыңыздар.

Сөз тіркестері	Аудармасы
дене мүшелері өкпенді тыңдаймын шашын өсіру жүрегінді тексеремін жөтеліп жүрмін қысқа бойлы дөңгелек жүзді	

Жазамыз

18. Сөздердің антонимін тауып, тіркес құрып жазыңыздар.

Үлгі: ұзын шаш – *қысқа шаш*

толық – _____

сопақ – _____

кішкентай – _____

мықты – _____

калың – _____

еңбекқор – _____

19. Кестедегі бос орынды толтырыңыздар.

Білетін сөздеріңізді пайдаланыңыздар.

Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыздар.

Адамның портреті	Антонимдер	
Шашы: ұзын жұқа	
Бет-жүзі: дөңгелек жүзді аққұба келген	
Дене бітімі: арық қысқа бойлы	

20. Жігіттің мінезін сипаттап жазыңыздар.

Сын есімдер		Жақсы жігіт	Нашар жігіт
болымды	болымсыз		
мейірімді	мейірімсіз		
дарынды	дарынсыз		
әділетті	әділетсіз		
қайратты	қайратсыз		

21. Сурет бойынша сөздер мен сөз тіркестерін жазыңыздар.

Чкілі Кәмшат

22. Сұхбатты репликамен толықтырыңыздар.
Жазылуын ескеріңіздер.

- «Қыз Жібек» фильміндегі Жібек ___ кыз!
- Иә, ___. Мен де солай ойлаймын.

РЕПЛИКАЛАР

қандай әдемі,
дұрыс айтасың

23. Диалогті толықтырып жазыңыздар.

- Сәлеметсің бе, Айсұлу?
- Сәлеметсің бе, Арзу?
- Арзу, қолыңдағы кімнің суреті?
- Бұл – менің құрбым Банудың суреті. Ол Стамбулда тұрады.
- Бәрекелді, құрбың қандай әдемі!
- Иә, Бану – сұңғақ бойлы, қара көзді, ақжарқын қыз.
- Арзу, менің де досым бар. Оның аты _____
- _____
- _____

Сөйлеу әдебі

24. Асты сызылған сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыздар.

- «Қыз Жібек» фильміндегі Жібек қандай әдемі қыз!
- Иә, ол – келбетті қыз.
- Ол – талдырмаш келген, ақшыл жүзді, орта бойлы, ұзын шашты, кең маңдайлы сұлу қыз.
- Мен де солай ойлаймын.

АУДИОДИКТАНТ

жеңімпазы,
мықты,
халықаралық,
боксқа,
дайындық
қызығушылығым,
барамын,
уақытым,
ұнатамын

25. Кітапты жауып, мәтінді тыңдаңыздар.

Кітапты ашыңыздар, сол жақтағы сөздерге назар аударып, мәтінді оқыңыздар.

Былғары қолғап шебері

Серік Сәпиев – еліміздің _____ спортшыларының бірі, _____ турнирлердің бірнеше дүркін _____, екі дүркін әлем чемпионы.

Бір күндері тілші телефон соғып, Серіктен сұхбат беруін өтініп сұрады.

– Сіз он бір жасыңыздан бастап, спортпен шұғылданыпсыз. Спортқа келуіңізге кім себепкер болды?

– Менің _____ келуіме әкем – Жұмағали Дәуітұлы себепкер болды. Сонан соң алғашқы жаттықтырушым – Александр Стрельниковтің арқасында боксқа _____ артты.

– Боксшылар жеңіске қалай жетеді деп ойлайсыз?

– Олимпиада ойындары – бұл ең мәртебелі жарыс. Олимпиадада жеңіске жету – ең үлкен мұрат, оған аса жоғары _____ керек.

– Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?

– Бос _____ өте аз. Үйге келген кезде отбасыммен киноға _____. Үйде, ата-анамның қасында демалғанды _____.

– Сұхбатыңызға рақмет, Серік. Әрдайым жеңістерге жете беріңіз!

– Рақмет.

26. Мәтінді тыңдап, сөйлемді толықтырып жазыңыздар.

Серік Сәпиев – еліміздің _____ спортшыларының бірі, _____ турнирлердің бірнеше дүркін _____, екі дүркін әлем чемпионы.

Олимпиада ойындары – бұл ең _____ жарыс. Олимпиадада _____ жету – ең үлкен мұрат, оған аса жоғары _____ керек.

АУДИОДИКТАНТ

Ойбөліс

27. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Күнсұлу: – Айнаш – келбетті қыз.

Настя: – Иә, рас. Ол – «Қазақстан аруы» байқауының жеңімпазы.

Насиба: – Мен оны теледидардан көрдім. Ақшыл жүзді, ұзын бойлы, өте сұлу қыз.



Күнсұлу: – Айнаш төрт жасында көркем гимнастика үйірмесіне барды. Ал алты жасында коньки тебуді үйренді. Домбырамен ән айтады.

Настя: – Мен де көркем гимнастика үйірмесіне барамын.

Зульфия: – Ал мен «Сымбат» клубына барамын. Клубта қыздарды әдемі жүруге және билеуге үйретеді.

көркем гимнастика,
әдемі жүру,
конькиде сырғанау

Қатысым

28. Сұхбатты оқып, сөйлесіңіздер. Асты сызылған сөздерге көңіл аударыңыздар.

Телефонмен сөйлесу

Самал: – Анна, менің құрбым сені әуежайдан қарсы алады.

Анна: – Мен оны танымаймын ғой.

Самал: – Ол – орта бойлы қыз. Оның шашы қысқа әрі бұйра.

Анна: – Денесі толық па әлде арық па?

Самал: – Денесі толықтау келген, аққұба қыз.

Анна: – Бет-әлпеті қандай?

Самал: – Дөңгелек жүзді.

Анна: – Ал үстінде қандай киімі бар?

Самал: – Көгілдір түсті спорттық киім киген.



ЖАЗЫЛЫМ

29. Жалпы және жалқы есімдерді екі топқа бөліп жазыңыздар.

Мейірім, Гүлназ, тіл үйретуші, әке, ана, ата, зейнеткер, Астана, Алматы, Көкшетау, Қазақстан, саусағы, шашы, көзі, қасы, бет-жүзі, сұлулық, сымбат, Алатау, тіл үйренуші, мінез-құлық, қасиет, Маржан.

Жалпы есімдер	Жалқы есімдер
жақсылық	Азамат

30. Жақшаны ашып, сөздерге қажетті қосымшаны жалғаңыздар.

Үлгі: Әсем+нің бел+і

1) (Әкем) _____ (шаш) _____. 2) (Шешем) _____ (бой) _____ . 3) (Анам) _____ (ас) _____. 4) (Ағам) _____ (қол) _____ . 5) (Қыз) _____ (саусақ) _____ . 6) (Інім) _____ (мінез) _____ .

31. Сөйлемдерді сын есімдермен толықтырыңыздар.

Әсем _____ бойлы, _____ жүзді, _____ көзді, _____ қыз. Әсемнің ұзын _____ бұрымы бар. Оның _____ мұрны, _____ ерні дөңгелек жүзіне жарасып тұр.

32. Берілген сын есімдерді салыстырмалы шырайда жазыңыздар.

Үлгі: ұзын - ұзындау, ұзынырақ

Ұзын, қысқа, ақ, кең, әдемі, сүйкімді, көрікті, толық, арық

33. Үлгі бойынша күрделі нақ осы шақ қатарын жасаңыздар.

Үлгі: оқы+п тұр, оқы+п отыр

Берілген етістіктер: оқы, жаз, тыңда, дайында, сөйле, кел, бар, қуан, ренжі


34. Үлгі бойынша етістіктерді болымсыз түрде жазыңыздар.

Үлгі: Мен оқып отыр+ған жоқ+пын
Сен тыңдап тұр+ған жоқ+сың
Сіз айтып отыр+ған жоқ+сыз
Ол көріп тұр+ған жоқ

Берілген етістіктер: сөйле, жаз, ұйықта, демал, қара

35. Сурет бойынша сөз тіркестерін құрыңыздар.

Үлгі:



_____ демалады _____ естиді _____ жазады _____ жүреді

36. Суреттердегі қызды сипаттап жазыңыздар.



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Баласы анасына өзінің топтағы жақын досы туралы әңгіме айтып берді. Ол анасына досының сымбатын, келбетін, мінез-құлқын суреттеп берген еді...

Тірек сөздер: адам, бас, шаш, құлақ, маңдай, көз, қас, мұрын, ерін, мойын, дене, қол, саусақ, аяқ, еңбекқор, әдепті, алғыр, келбетті



KUIM – ADAM KƏPKI



Лексикалық қор

адам, киім, сырткіім, спорттық киім, баскиім, аяқкиім, көйлек, жейде, тон, қолғап, малақай, етік, жаға, шалбар, әшекей, сәнді, жеңіл, жұқа, қалың



Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқымыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Киім – адам көркі

Біздің қаламызда «Сәтті» киім дүкені ашылды. Онда әйелдер мен ер адамдардың және жасөспірімдердің сәнді киімдері сатылады. Ұл балалар ақ жейде, қара көк костюм-шалбар, галстук, баскиімдер мен спорттық киімдерді таңдай алады. Ал қыздар ақ көйлек, қара көк юбка, жазғы аяқкиім, әдемі қолғап, түрлі әшекейлер сатып алуларына болады.

Құрбым екеуіміз жеңіл әрі сәнді туфли сатып алу үшін «Сәтті» дүкеніне бардық. Маған қызыл түсті спорттық киім де ұнады. Біз туфли мен спорт киімін сатып алдық.

3. Сәйкестендіріңіздер.

1. Спорттық киім

2. Ұлдар костюм-шалбар

3. Туфли

1. таңдай алады

2. киеміз

3. ұнады

4. Мәтіннен қандай? деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: *ақ, көк*

5. Сөздерді сәйкестендіріңіздер.

Жазамыз

1. күзгі

2. қысқы

3. көктемгі

4. жазғы

1. бешпент

2. көйлек

3. тон

4. етік

6. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.



Мен әдемі қолғап сатып алдым.

Мен әдемі қолғап сатып алды.

Біз тауға шыққанда спорттық киім киеміз.

Біз тауға шыққанда спорттық киім киеді.



7. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. – Сендердің қалаларыңда қандай дүкен ашылды?

– _____.

2. – Дүкенде ұл балаларға арналған киімдер сатыла ма?

– _____.

3. – Қыздар дүкеннен қандай киім сатып алады?

– _____.

Сөйлеу әдебі

8. Асты сызылған сөздерге назар аударып оқыңыздар.

– Көркем, тоныңның жағасы қандай әдемі!– Иә, «Киім жағасымен сәнді» дейді ғой.

– Солай ма?

**9. Сұхбатты репликамен жазыңыздар.
Жазылуын ескеріңіздер.**

- Дина Сәбитқызы, сіз бүгін _____ !
- Сізге көйлегіңіз _____ !
- Рақмет, айналайын!

РЕПЛИКАЛАР

өте әдемісіз,
жарасып тұр

10. Суреттер бойынша сөйлем құрыңыздар.



Оқимыз. Сөйлейміз



11. Жүппен жұмыс істеміздер.

Көшеде

Мұрат: – Сәлем, Сәкен! Қайда бара жатырсыңдар?

Сәкен: – «Сәтті» киім дүкеніне. Дүкеннен қысқы аяқкиім, тон, малақай, қолғап сатып аламыз.

Мұрат: – А-а, жылы киім сатып аласыңдар ма? Бірге барайық.

Болат: – Дүкенге барсаң, бізбен бірге жүр.

*Сізге жарасып тұр!
Сіздің киіміңіз өзіңізге
жарасады!
Мақтау сөзіңізге рақмет!*

Дүкенде

Сатушы: – Сізге қандай киім керек?

Талап: – Маған қара түсті, жылы тон керек.

Сатушы: – Міне, мына тонды киіп көріңіз.


Талап: – Бағасы қанша?

Сатушы: – Жүз елу мың теңге.

КЕРУЕН

Жұмыс уақыты

- *10.00-22.00
- *10.00-22.00
- *10.00-22.00
- *10.00-22.00
- *10.00-22.00
- *10.00-22.00
- *10.00-22.00



12. Мәтінді тыңдаңыздар.

Қазақтың ұлттық киімдері

Қазақтың ұлттық киімдері: тақия, бөрік, тымақ, көйлек, қамзол, шапан, тон, ішік. Ер адамдар шапан, ішік, шалбар киеді, белдік тағады. Әйелдер көйлек, қамзол, кимешек киеді.

Қазақ қыздары құндыз бөрік, үкілі тақия киіп, шолпы тағады.

Тақия – жеңіл, дөңгелек бас киім. Ол оюлы болады. Кимешек – қазақ әйелдерінің бас киімі. Тон – жылы сырт киім.

АУДИОДИКТАНТ

13. Мәтінді қайта тыңдап, қазақтың ұлттық киімдерінің атауын жазыңыздар.

Ойбөліс

14. Топпен жұмыс істеңіздер. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Театрға барамыз

Құрмет: – Қыздар, ертең театрға барайық.

Ерке: – Мен театрға сары түсті жібек жейде және ақ юбка киемін. Сендер не киесіңдер?

Жанар: – Мен қысқа қызыл көйлек киемін. Ал сен ше, Вероника?

Вероника: – Білмеймін. Мүмкін, ұзын қара көйлек киетін шығармын.

Ерке: – Сенің сәнді көгілдір көйлегің бар емес пе?

Вероника: – Өте дұрыс айттың. Көгілдір көйлегімді киемін.

Жадыра: – Ал мен қоңыр жейде мен шалбар киемін. Олай болса, театрда кездесейік!

Жазамыз

15. Театрға кім қандай киім киеді? Сөйлемдерді аяқтаңыздар.

1. Ерке _____.

2. Жанар _____.

3. Вероника _____.

4. Жадыра _____.



16. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Адамдар қыста _____ киім _____. 2. Қысқы _____ киеді. 3. Әкем _____ етік сатып _____. 4. Көктемде _____.

_____ киімдер _____. 5 Мақсат _____ туфли _____. 6. Сырт киімдер: _____, тон, _____. 7. Аяқ киімдер: _____, _____. 8. Киімнің _____ сәнді екен. 9. Киіміміз _____ әрі сәнді. 10. Алмас _____ қалың _____ сатып алды.

17. Сөздердің антонимдерін табыңыздар.

Қыс – Кию –
 Қара – Қысқа –
 Жылы – Кең –
 Шешу – Қалың –

18. Сіз «Сарыарқа» дүкеніне бардыңыз. Дүкен сатушысымен сұхбат құрыңыз.

Аударма

19. Сөйлемдерді аударыңыздар.

Сөйлемдер	Аудармасы
Киіміміз жеңіл және сәнді екен.	
Тонның жағасы қандай әдемі!	
Көйлегіңіз жарасып тұр!	
Оның сәнді қызыл көйлегі бар емес пе?	

Оқимыз. Сөйлейміз

21. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Сен қыста не киесің?

2. Сен көктемде не киесің?

3. Сен жазда не киесің?

4. Сен күзде не киесің?

5. Алмас университетке не киеді?

6. Күнсұлу театрға не киеді?

7. Жастар спорт залына не киеді?

22. Диалогті оқып, мазмұнын өзгертіңіздер.

- Бұл ұлттық киім дүкені ме?
- Иә, мұнда ұлттық киімдер сатылады.
- Маған бөрік, тақия немесе тымақ керек еді.
- Қалпақ пен тақия бар, ал тымақ жоқ.
- Қалпағыңыз қандай әдемі! Киіп көруге бола ма?
- Киіп көріңіз. Сізге жарасып тұр!
- Рақмет! Тақия қанша тұрады?
- Тақия 2 мың теңге тұрады.



23. Мәтінді оқыңыздар. Алмас пен Тілектің киім кию әдебіне қарай мінездеме беріңіздер.

Алмас пен Тілек бір университетте оқиды. Екеуі дос, бірге жүреді, практикалық сабақтарға бірге дайындалады. Алмас университетке үнемі костюм-шалбар, ақ жейде киеді, галстук тағады. Ал Тілек джинси шалбар мен жейде киеді. Өйткені Тілекке джинси шалбар ұнайды.

24. Берілген сын есімдерді қажетті сөздермен тіркестіріңіздер.

әдемі _____, қысқа _____, қара _____, кең _____, қоңыр _____, сұлу _____, сәнді _____, ақ _____

Қажетті сөздер: киім, тақия, жейде, көйлек, етік, қыз, туфли, бөрік

25. Жатыс септігіндегі сөздерді теріп жазыңыздар.

Киімде, үйде, үйім, пәтерде, тақияда, етікте, көйлекте, жейдесі, спорт киімі, камзолда, тонға, диванда, бөлмеде, теледидарда, көшеде, орындықпен, компьютерде, сағатта

Үлгі:

26. Төмендегі сөздерге үлгі бойынша жатыс септігін жалғап үйреніңіздер.

Үлгі:

1	Түбір	-да, -де -та, -те	Түбір	Тәуелдік жалғау -ы, -і, -сы, -сі	Жатыс септік -нда, -нде
	киім	де	киім	і	нде

Сөздер: жейде, костюм, юбка, туфли, көйлек, етік, тақия, бөрік, қамзол

27. Барыс септігіндегі сөздердің астын сызыңыздар.

Үйге, үстелде, жиһазбен, кабинетке, теледидарға, орындығына, кереуетке, бізге, сізге, кітапқа, көшесіне, біздің, сіздің, сағатқа, телефонға, диванды, айнасына, компьютерге, мекенжайына

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (,) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Бірыңғай мүшелердің алдынан келетін жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады.
- Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына үтір қойылады.

28. Жалпылауыш сөздер мен сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің тыныс белгілерін қойыңыздар.

Үлгі: Қазақтың ұлттық киімдері:

тақия, бөрік, қамзол, шапан, тон.

1. Жыл мезгілдері қыс көктем жаз күз.
2. Дастарқан үстіне түрлі тағамдар ыстық нан ірімшік май бауырсақ қойылды.
3. Қазақстанның ең ірі көлдері мыналар Балқаш Алакөл Сасықкөл.

29. Жіктік жалғауын жалғап жазыңыздар.

- I. Мен сәнді киім кию _____
- II. Сен сәнді киім кию _____
- II. Сіз сәнді киім кию _____
- III. Ол сәнді киім кию _____

- I. Мен ұлттық киімді ұнату _____.
- II. Сен ұлттық киімді ұнату _____.
- II. Сіз ұлттық киімді ұнату _____.
- III. Ол ұлттық киімді ұнату _____.

30. Сөздерден сөйлем құрып жазыңыздар.

1. Қазіргі, ұлттық, әдемі, тігіледі, киімдер, кезде
2. сәнді, кигенді, ұнатады, киім, Жасөспірімдер
3. спорттық, Маған, түсті, ұнады, қызыл, киім, де

31. Суретті сипаттап жазыңыздар.



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Дәрісхананы үш не төрт топқа бөліп, оларға берілген тақырып бойынша білетін сөздерін тақтаға жазғыздырыңыз.

- Баскиімдер
- Қысқы киімдер
- Әйелдер киімдері
- Аяқкиімдер

Әрбір топ мүшелері кезекпен тақтаға осы тақырыпқа қатысты сөздерді жазады.

Анасы қызымен дүкенге барады. Қызы өзіне киімдер таңдайды. Ол заманауи киімдерді сатып алғысы келеді (ашық, жеңсіз жейде, қысқа шалбар). Бірақ анасы қызының сатып алғысы келген киімдеріне қарсылығын білдіреді.

Сіз қыздың анасының талғамына байланысты қысқаша өз пікіріңізді айтып беріңіз.



6

ДЕНІ САУДЫҒА – ЖАНЫ САУ



Лексикалық қор

адам, денсаулық, аурухана, емхана, дәріхана,
дәрігер, балалар дәрігері, тіс дәрігері, ота жасаушы,
науқас адам, сау адам, дәрі, көз дәрігері



сау адам



ота жасаушы



балалар дәрігері



дәрі

көз дәрігері



науқас адам

дәрігер



аурухана

Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Дені саудың – жаны сау

Әріптесімнің аты – Шоқан. Ол бүгін ауырып қалды. Қызуы көтерілді, жиі жөтеліп, басы қатты ауырды. Жұмыс аяқталған соң, дәрігерге барды. Дәрігер Шоқанның тамағын қарады, өкпесін тыңдады. Дәрігер дәрі жазып берді. Шоқан дәріханадан жөтелдің дәрісін сатып алды.

Жұбайы Шоқанға ыстық шай, бал қосылған сүт берді. Ол бір аптадан соң сауығып кетті. Дәрігерден анықтама қағазын алып, Шоқан үш күннен кейін жұмысқа шықты.



3. Сәйкестендіріңіздер.

1. Менің
2. Сенің
3. Сіздің
4. Оның

1. денсаулығы
2. денсаулығым
3. денсаулығын
4. денсаулығыңыз

Жазамыз

4. Мәтіннен жедел өткен шақтағы етістіктерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: сауығып кетті

5. Қай дәрігерге барасыз?

Тісі ауырған адам

Бала дәрігері

Ауырған бала

Терапевт

Басы ауырған және жөтеліп тұрған адам

Тіс дәрігері



6. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.



- Жұмыстан соң дәрігерге барды.
- Жұмыстан соң дәрігер барды.
- Екі күннен кейін жұмысқа келді.
- Екі күннен кейін жұмыс келді.

7. Диалогті толықтырыңыздар.

Науқас: – Сәлеметсіз бе, дәрігер ханым?

Дәрігер: – Сәлеметсіз бе? Келіңіз, отырыңыз. Қай жеріңіз ауырады?

Науқас: – _____, _____ ауырады.

Дәрігер: – _____, _____ караймын. _____ тындаймын.
Сізге емделу керек.

Науқас: – Қанша күн _____ ?

Дәрігер: – Бір апта. Жөтелдің дәрісін сатып алыңыз.

Науқас: – Сау болыңыз!

деніңіз сау болсын,
ауырмаңыз

8. Асты сызылған сөздерге назар аударып оқыңыздар.

Шоқан: – Басым ауырып тұр. Дәрігерге барып, караламын...
Жұбайы: – Әрине, дәрігерге көріну керек. Ыстық шай әкелейін.
 Емдік шөп қосылған ыстық шай ішсең,
 сауығып кетесің.
Шоқан: – Шайың дәмді болды. Рақмет! Мен енді демалайын.

9. Сұхбатты репликамен жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

– Денсаулығың қалай?
 – Маған тұмау тиді.
 – Емделу керек. Қазір тұмау бар.
 – _____! _____!

10. Сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.



1. Дәрігер
2. Дәрі
3. Науқас адам
4. Сау адам



Оқимыз.Сөйлейміз

11. Жүппен жұмыс.

Дәріханада

Мехмет: – Жөтелдің дәрісі керек еді.
Дәріханашы: – «Амбробене», «Трависил», «Лазолван» бар.
 Жөтеліңіз құрғақ жөтел ме?
Мехмет: – Иә, құрғақ жөтел.
Дәріханашы: – Сізге онда «Лазолван» ішу керек.
 Дәріні күніне екі рет ішесіз.
 Сосын лимон, құлпынай шайын алыңыз.
Мехмет: – Жақсы, рақмет. Бағасы қанша?
Дәріханашы: – Бағасы 965 теңге тұрады.
 Ауырмаңыз, тез сауығып кетіңіз.
Мехмет: – Сау болыңыз!



**Ауырмаңыз!
 Тез сауығып кетіңіз!
 Рақмет!**

12. Мәтінді тыңдаңыздар.

Тұмаудан сақтану

Тұмау тиген кезде науқас адам бір күнде 2 литр сусын ішу керек. Ол ағзадан вирусты тез шығарады. Тұмаудың тағы бір емі – бал қосылған сүт. Сүтті ыстықтай ішу керек. Бір стакан сүтке бір шай қасық бал қосып ішкен дұрыс.

АУДИОДИКТАНТ

Ойбеліс

13. Топпен жұмыс. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Денсаулығыңды сақта!

- Фархад:* – Наргиз, сен 2 күн жұмыста болмадың ғой? Не болды? Ауырып қалдың ба?
- Наргиз:* – Менің тамағым ауырды. Дәрігерге бардым. Дәрігер карап, дәрі жазып берді.
- Асқар:* – Ал мен ауырғанда, анам кара өрік шайымен емдеді.
- Әлия:* – Қызық екен. Ол шайды қалай дайындайды?
- Асқар:* – Анамнан сұрап білейін. Саған спортпен де айналысу керек. Наргиз, ауырма, тез сауығып кет!
- Гүлназ:* – Наргиз, спортпен күнде айналыссаң, денсаулығың мықты болады.
- Наргиз:* – Рақмет!



Жазамыз

14. Кім қандай кеңес берді?

1. Асқар _____.
2. Гүлназ _____.

15. Берілген сөздер және сөз тіркестерімен сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: Шоқан кеше ауырып қалды.

Сөздер мен сөз тіркестері: ауырып қалу, дәрігерге бару, қабылдау, тыңдау, дәрі беру, емделу, ішу, тез сауығып кету, карау, жөтелу, келу

16. Мәтінді өзгертіп жазыңыздар.

Емханада

Бүгін Шоқанның басы ауырды. Ол жұмысқа бармады. Шоқан бастығына телефон соғып, оған ауырып қалғандығын айтты. Шоқан емханаға барды. Оны дәрігер қарады. Өкпесін тыңдады, дәрі берді. Ол дәріханаға барып, дәрі сатып алды.

17. Синонимдерді оқып, таныс емес сөздердің астын сызыңыздар.

ауру адам – науқас адам
 ауырды – науқастанды
 сауығып кетті – аурудан жазылды
 өкпесін тыңдады – өкпесін тексерді
 тамағын қарады – тамағын тексерді
 дәрігерге қаралды – дәрігерге тексерілді

18. Асты сызылған сөздермен сөйлем құрыңыздар.

Менің емханаға баруым керек. Сенің дәрігерге баруың керек. Оның тіс дәрігеріне баруы қажет. Асқар құлпынай шайын ішуі қажет. Біз спорт залына баруымыз керек. Менің дәрі алуым керек.

Аударма

19. Сөз тіркестерін аударыңыздар.

Сөз тіркестері	Аудармасы
ауру адам сау адам дәрігерге қаралу тұмау тию науқасты емдеу	

Қатысым

20. Диалогті рөлге бөліп оқыңыздар, осы үлгіде сөйлесіңіздер.

- Мақсат, өріктің түсі қандай болады?
- Өріктің түсі көк және қара болады.
- Өріктің жапырағы пайдалы ма?
- Иә, өріктің жапырағын жазда кептіреді.
Оны суға салып, шай сияқты ішеді.
- Ол қандай ауруға ем болады?
- Бұл – тамақ ауруына ем.

21. Сөйлеу жағдаяттық тапсырма бойынша сұхбат құрыңыз.

Қуаныштың тісі ауырды. Ол тіс дәрігеріне келді. Қуаныш пен тіс дәрігерінің сұхбаты қалай басталды?

Қуаныш: — _____
 Дәрігер: — _____
 Қуаныш: — _____
 Дәрігер: — _____
 Қуаныш: — _____
 Дәрігер: — _____
 Қуаныш: — _____
 Дәрігер: — _____

22.

«Сауығып кетесің», «денің сау болсын», «денсаулық тілеймін» репликаларын қолданып, дәрігер мен науқас адамның ролінде ойнаңыздар.

ЖАЗЫЛЫМ

23 Төмендегі етістіктерді есімдіктермен тіркестіріңіздер.

Үлгі: Сен ауырдың.

_____ тексерілдім, _____ тыңдады, _____ жөтелдің, _____ емдеді,
 _____ қарадыңыз, _____ отырдым, _____ жүрдіңіз, _____ көрдіңіз,
 _____ келді, _____ келдім, _____ бардыңыз, _____ сатып алды, _____
 ішті, _____ сатып алдыңыз, _____ жұмыс істедің, _____ жасадым

24. Төмендегі басым сөздерді екі бағанаға бөліп жазыңыздар.

Барыс септік

Табыс септік

6. Сурет бойынша әңгімелеп беріңіздер.



7. Сөздерді орын тәртібі бойынша дұрыс орналастырып жазыңыздар.

1. ауырып, тісі, жүр, Никитаның
2. Ол, дәрігеріне, тіс, көрінді
3. анасымен, Гүлжан, бірге, барды, дәрігерге
4. Сізге, күн, бірнеше, керек, емделу

1.
2.
3.
4.



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Адамның дене мүшесі

Газет тілшісі белгілі футболшыдан интервью алмақшы болды. Әңгіме саламатты өмір салты туралы еді. Тілші футболшының күн тәртібі, спорт залындағы жаттығулары туралы сұрап білгісі келді. Ол футболшыға бүгінгі жас ұрпаққа қандай ақыл-кеңес беруге болатыны жөнінде қандай сұрақ қоюы мүмкін?

7

КӨРКЕМ МИНЕЗ



Лексикалық қор

адам, мінез-құлық, дарынды, талантты, мейірімді, сабырлы, бақытты, көңілді, қуанышты, күшті, ынталы, абыройлы, еңбекқор, белсенді, әділетті, қарапайым

еңбекқор



көңілді



қуанышты



белсенді



Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Мейірімді тіл үйретуші

Менің тіл үйретушімнің аты-жөні – Маржан Азаматқызы. Ол – сабырлы, талантты, білімді адам. Ол үнемі көңілді жүреді. Маржан Азаматқызын әріптестері де, достары да, тіл үйренушілер де сыйлайды. Оның мінезі ашық, барлығымен тез тіл табысады.

Біздің тіл үйретушіміз Наурыз мерекесіне орай «Арулар – асыл жандар» байқауын өткізді. Байқауда арулар білімдерін және өнерлерін ортаға салды. Маржан Азаматқызы байқауды жақсы ұйымдастырды. Ол – еңбекқор, белсенді, әділетті жан. Маржан ханым өз әріптестерінің арасында зор абыройға ие.

3. Сәйкестендіріңіздер.

сабырлы

білімді

ынталы

мейірімді

көңілді

тіл үйретуші

тіл үйренуші

дос

жігіт

қыз

4. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: сабырлы

5. Мәтіннен табыс септігіндегі сөздерді тауып, олармен сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: Біз Маржан Азаматқызын сыйлаймыз.

6. Сұраққа жауап беріңіздер.

1. – Сенің досыңның мінезі қандай?

– Менің досым _____, _____, _____.

2. – Ол қандай қыз (жігіт)?

– Ол _____, _____, _____.

7. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.

Маржан Азаматқызы – сабыр, талант, білім тіл үйретуші.

Маржан Азаматқызы – сабырлы, талантты және білімді тіл үйретуші.

Ол үнемі көңілді жүреді.

Ол үнемі көңіл жүр.



8. Адамның көңіл-күйіне қатысты сөздерді жазыңыздар.



1. 2. 3. 4.

Жазамыз

көңіл-күйі жақсы,
ренжулі, ашулы,
ой үстінде

9. Асты сызылған сөздерге назар аударып оқыңыздар.

Тіл үйретуші: – Саша, тест тапсырмаларын неге орындамадың?

Саша: – Ұмытып кетіппін.

Тіл үйретуші: – Сен мені ренжіттің, Саша.

Қазақ тілін үйрену көп оқуды қажет етеді.

Адам белсенді, еңбеккор болу керек.

Саша: – Кешіріңіз, келесі жолы дайындалып келемін.

11. Сөз тіркесін құрыңыздар.

Үлгі: отбасы бақыты

отбасы		Отанды		үй, пәтер,
ана		елді		сыйлық,
бала		жерді		киім

(бақыты)
(жақсы көру)
(алу)

Оқимыз. Сөйлейміз

12. Жүппен жұмыс. Сұхбатты дамытыңыздар.**Жақсы кино**

Күмісбек: – “Жау жүрек мың бала” атты кино маған ұнады.

Ақылбек: Саған ұнады ма?

– Жақсы кино екен. Киноны көріп, қуандым.

Жастардың ерлігі, достығы туралы кино екен.

Күмісбек: Күлдім де, жыладым да!

– Дұрыс айтасың, мен де сондай сезімде болдым.

Тыңдаймыз. Жазамыз

13. Мәтінді тыңдаңыздар.

Іңкәр! Есімің қандай әдемі! ...

Достар, танысып қойыңдар. Біз бір топта оқимыз. Іңкәр – топтағы көп тіл білетін, ақылды және талантты қыз. Өзі сұлу. “Іңкәрім-ай” әнін білесің бе? Сол ән Іңкәр үшін жазылған сияқты.

14. Мәтінді тыңдап, Іңкәр туралы сын есімдерді жазыңыздар.

15. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Университетте

Андрей: – Самал, кеше Сергей Аннаны ренжітіп алды.
Юля: – Неге? Ол ақылды жігіт емес пе?
Самал: – Қызық екен. Ол Аннаны неге ренжітті?
 Кешірім сұрады ма?
Сергей: – Иә, кеше Анна екеуміз тіл табыса алмай қалдық.
 Бірақ мен одан кешірім сұрадым. SMS жібердім.
Юля: – Жарайсың, Сергей!

Жазамыз

16. Полилог мәтінінің мазмұнын үш сөйлеммен жазыңыздар.

1. _____.
2. _____.
3. _____.

18. Әріптесіңіздің жақсы мінезін сипаттап жазыңыз.

20. Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді табыңыздар.

еңбекқор	}	өтірік
қуану		жалқау
шын		күлу
жылау		ренжу

21. Адамның сезіміне байланысты сөздерді теріп жазыңыздар.

Сезім (эмоция)

қуану қорқу сезіну өкіну ашулы көңілді ренжулі бақытты

17. Сөйлемдерді аударыңыздар.

	Аудармасы
1. Киноны көріп қуандым да, күлдім де, жыладым да!	
2. Дұрыс айтасың, мен де сондай сезімде болдым.	

Сөйлеу әдебі

22. Асты сызылған сөздерді есте сақтаңыздар.

Тіл үйренуші: – Апай, сіз өте әділеттісіз!

Тіл үйретуші: – Рақмет! Әділетті болу – менің міндетім.
Жібек, сіз де адал, еңбекқор, ынталы
белсенді қызсыз.

23. Сұхбатты репликамен толықтырыңыздар.
Жазылуын ескеріңіздер.

Тіл үйретуші: – О-ой, сіз _____ ғой деймін.
Үнемі эссе жазуға дайындықсыз келесіз.

Тіл үйренуші: – _____, мен кеше өзімді нашар сезіндім.

24 Асты сызылған сөздерге көңіл бөліңіздер.
Есімдіктерді түріне қарай ажыратыңыздар.
Олармен сөйлем құрыңыздар.

Ол ешқашан ренжімейді. Маржан Азаматқызын барлық әріптестері, тіл үйренушілер сыйлайды. Әйгерім ешнәрсеге өкпелемейді. Маржан Азаматқызы бәрімен тез тіл табысады. Күнсұлу ешқашан дәріске кешікпейді. Саша Аннаны ешқашан ренжітпейді. Саша бүкіл достарынан кешірім сұрады. Бүгін баршасы демалысқа шықты.

Қатысым

25. Мәтінді оқып, диалог құрыңыздар.

Дамирдің мінезі

Дамир қазақ тілін үйреніп жүр. Оған қазақ тілі сабағы ұнайды. Ол сабақты жақсы оқиды әрі үнемі көңілді жүреді. Дамирдің

РЕПЛИКАЛАР

кешіріңіз,
жалқаусыз

достары көп. Олар – Ахмет және Мұрат. Ахметтің мінезі ашық, өте білімді жігіт. Мұрат – ақжүрек, мейірімді жан. Олар бір-бірімен жақсы тіл табысады.

29. Жауапқа сұрақ дайындаңыздар.

- | | |
|--------------------------------------|---|
| 1) _____ ?
Ол Аннаны ренжітті | 4) _____ ?
Олар бір-бірін сыйлайды. |
| 2) _____ ?
Сергей кешірім сұрады. | 5) _____ ?
Сергей – мейірімді жігіт. |
| 3) _____ ?
Анна Сашаны кешірді. | |

30. Берілген ойды теріске шығарыңыздар.

Үлгі: *Бұл кино маған ұнайды – Бұл кино маған ұнамайды*

- 1) Ол барлығымен тез тіл табысады.
- 2) Мен оны жақсы көремін.
- 3) Біз бір ұжымда жұмыс істейміз.
- 4) Анна Сергейге өкпеледі.

ЖАЗЫЛЫМ

31. Зат есімдерден сын есім жасаңыздар.

сабыр ____, бақыт ____, ақыл ____, білім ____, мейірім ____, ынта ____, құрмет ____, талап ____, өнер ____, қуаныш ____, тәртіп ____, мереке ____, береке ____, дәм ____, сый ____, сән ____, сымбат ____

- Осы берілген сөздерден сын есімді тіркес жасаңыздар.

32. Болымды етістікті болымсызға немесе болымсыз етістікті болымдыға айналдырыңыздар.

Үлгі: *Сыйла+й+ғы – сыйла+ма+й+ғы.*

Ренжімейді _____, өкпелемейді _____, кешіреді _____, тіл табыспайды _____, кешікпейді _____, киеді _____, сұрайды _____, ұнамайды _____, жүрмейді _____, жауап береді _____, өкінбейді _____, аударарды _____, жылайды _____, оқындар _____, қуанбадым _____, кешірім сұрамайды _____, күлдім _____

33. Жоғарыдағы етістіктерді пайдаланып, сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: *Әйгерім етқашан ренжімейді.*

34. Табыс септігінің жалғауын жалғаңыздар. Сөйлем құрыңыздар.

Самалдың мінез+і ..., оның эмоция+сы ..., сенің ақыл+ың ..., оның күлкі+сі ..., оның сезім+і ..., оның абырой+ы ..., оның ынта+сы ..., оның бақыт+ы ..., оның мейірім+і ..., оның көңіл+і ..., оның талант+ы ..., оның білім+і ..., досымның тәртіб+і ...

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (,) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Бірыңғай анықтауыштар үтір арқылы ажыратылады.

35. Тыныс белгілерін дұрыс қойыңыздар.

Үлгі: *Мейірім Қуанышқызы – ақылды, сұлу, мейірімді, көңілді тіл үйретуші.*

1. Біздің Айсұлу – тәртіпті ақылды сабырлы қыз.
2. Ол – сұлу сұңғақ бойлы қара шашты қыз.
3. Біздің топта ынталы талантты тіл үйренушілер көп.

36. Адамның жақсы, жаман қасиеттерін жазыңыздар.

37. «Жақсы мінез» тақырыбы бойынша әңгіме жазыңыздар.



Жақсы қасиеттер



Жаман қасиеттер



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Адамның дене мүшесі

Кеш болды. Әжесі немересіне киім тігіп отыр. Немересі әжесінің әңгімесін тыңдап отыр, әңгіме қазақ балаларының жақсы мінезі туралы болатын ...



ЖЕТИ ТҮС






ЖЕТІ ТҮС

Лексикалық қор

адам, түр-түс, реңк, бояу, жасыл, көк, сары, қызыл, ақ, қара, қоңыр, ақшыл, сарғыш, қап-қара



Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Жеті түс

Әр халықтың жақсы көретін өз түсі, өз реңкі, өз бояуы болады. Қазақ халқы көк түсті ұнатады. Көк түсті құрметтеу ұлт дәстүрінде бар. Ұлтымызда «көктем келді», «көк шықты», «көк аспан», «көк шөп» деген сөз тіркестері бар. Халқымызда «көк шөпті жұлға болмайды» деген тыйымдар да бар. Біздің Туымыздың түсі де көк.

Қазақстандағы Көкшетау қаласының да аты «көкше», «көгілдір тау» деген ұғымды білдіреді. Көкшетау – әлемге сексен көгілдір көлімен әйгілі, көрікті қала. Көкшетау өңірінде Бурабай шипажайы орналасқан. Оған шетелден туристер көп келеді.

РЕПЛИКАЛАР

көк шықты
көк шөп
көк аспан

3. Сөз тіркестерімен сөйлемдер құрыңыздар.



4. Синонимдік қатар жасаңыздар.

Реңк, _____, _____, _____.

5. “Өз” есімдігін ілік септігінде жазыңыздар.

Үлгі: *Өз түсі – өзінің түсі*

Өз бояуы – Өз халқы –
 Өз реңкі – Өз жері –
 Өз Туы – Өз Елтаңбасы –

Қалам ізі

6. «Көк» сөзімен сөз тіркесін құрыңыздар.

Үлгі: *Көк шөп*

Көк _____
 Көк _____



7. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.



1. Көк түсті құрметтеу ұлт дәстүрінде бар.
 Көк түсті құрметтеу ұлт дәстүр бар.



2. Ұлтымыз «көк аспан», «көк шөп» деген сөз тіркес бар.
 Ұлтымызда «көк аспан», «көк шөп» деген сөз тіркестері бар.



8. Төмендегі жауаптарға сұрақ жазыңыздар.

Асылтас: – _____ ?
 Дана: – Қазақ халқы көк түсті ұнатады.
 Асылтас: – _____ ?
 Дана: – Көк түсті құрметтеу ұлт дәстүрінде бар.
 Асылтас: – _____ ?

- Дана: – Ұлтымызда «көктем келді», «көк шықты», «көк аспан», «көк шөп» деген сөз тіркестері бар.
 Асылтас: – _____?
 Дана: – Біздің Туымыздың түсі де көк.

9. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыздар.

Киім дүкенінде

- Аман-есенсіз бе?
- Қайырлы күн!
- Маған ұзын жеңді жейде керек еді.
- Міне, ұзын жеңді қызғылт, сары, күлгін, сарғылт, жасыл жейделер бірінші қатарда ілулі тұр.
- Қоңыр немесе көк түсті жейделер бар ма?
- Жоқ. Тек қана осы түстер.
- Мен қызғылт түсті жейдені киіп көрейінші.
- Жақсы, киіп көріңіз.
- Қандай тамаша! Сізге қызғылт түс жарасып тұр!
- Солай ма? Көп рақмет!

РЕПЛИКАЛАР

жарасып тұр
тамаша
көп рақмет

10. Досыңызға кездесу жайлы SMS жазыңыз.

11. Сұхбатты репликамен жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

- Қандай _____!
Сізге қызғылт түс _____!
- Солай ма? _____!

Оқимыз. Сөйлейміз



Сіздің талғамыңыз өте жақсы!
Менің сізге рақмет айтқым келеді.
Алғыс айтамын!

12. Топпен жұмыс.

Маған ұнайтын түс

- Айгүл: – Ару, бөлменің түсі қандай әдемі!
 Ару: – Рақмет, өзіме ақшыл түс керемет ұнайды! Жиһаз бен бөлменің түсі сәйкес болу керек қой.
 Айгүл: – Иә, барлығы жарасып тұр!
 Ару: – Айгүл, сенің бөлменің түсі қандай?
 Айгүл: – Менің бөлменің түсі көгілдір. Ал жиһаздарым ақшыл сұр түсті.
 Ару: – Сенің бөлмен де әдемі екен, маған ұнады.

13. Мәтінді тыңдаңыздар.

Әр халықтың ерекше құрметтейтін өз бояуы, өз реңкі болады. Ұлттық бояу сол елдің мінезінен де хабар беріп тұрады. Табиғаттың да өз түр-түстері бар. Қызыл – оттың, жылу мен қанның, жасыл – шөптің, қара – жердің, ақ – судың белгісі. Ал қазақ халқының туының түсі – көк түс. Көк түс – бірлік, татулық және байлықтың түсі.

(“Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері” кітабынан)

14. Мәтінді қайта тыңдап, түр-түске қатысты сөздерді теріп жазыңыздар.

15. Топпен жұмыс. Полилогті рөлдерге бөліп ойнаңыздар.

АУДИОДИКТАНТ

Ойбөліс

Кемпірқосақ

- Күнсұлу:* – Қандай керемет! Аспанға қараңдаршы, кемпірқосақ шықты.
- Ақерке:* – Сендер кемпірқосақ туралы білесіңдер ме?
- Жаңбырбай:* – Білеміз. Оның бойында жеті түс бар.
- Бақшагүл:* – Қандай түстер?
- Жаңбырбай:* – Оның түстері: қызыл, қызыл сары, сары, жасыл...
- Күнсұлу:* – Мен жалғастырайыншы, қоңыр, сұр, көк түстері бар.
- Кемпірқосақ – табиғаттың өзі жасаған кереметі.
- Ақерке:* – Кемпірқосақ қай кезде көрінеді?
- Жаңбырбай:* – Жазғы жаңбырдан кейін жарқырап күн шығады, соңынан кемпірқосақты да көруге болады.

Қалам ізі

16. Суреттен кемпірқосақтың түстерін теріп жазыңыздар.



17. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

	Сұрақтар	Жауаптар
1	Жаңбырбай кемпірқосақтың қандай түстерін атады?	_____
2	Күнсұлу қандай түстерді атады?	_____

19. Сөздерді сәйкестендіріп жазыңыздар.

Көктем	жер
Көгілдір	шықты
Көкшетау	келді
Көк	тау
Сұлу	өңірі

Аударма

18. Сөйлемдерді аударыңыздар.

	Аудармасы
1	Әр халықтың жақсы көретін өз түсі, өз реңкі, өз бояуы болады.
2	Қазақ халқы көк түсті ұнатады.
3	Біздің Туымыздың түсі де көк.
4	Кемпірқосақтың жеті түсі бар.

Қалам ізі

8. Сөйлемдерді дамытыңыздар.

1. Демирдің жейдесі _____, қолғабы _____.
2. Күнсұлудың көйлегі _____, орамалы _____.
3. Бөлмедегі диван қызыл түсті, ал кресло _____.
4. Ауылдың шетінде _____.
5. Қызыл - _____, _____ мен _____, ақ - судың, жасыл _____ белгісі
6. Тіл үйретуші сарғылт түсті _____.
7. Көк түсті құрметтеу _____.
8. Айгүл ақшыл түсті _____.
9. Ару ақшыл сұр _____.

9. Сөз тіркестерімен сөйлем құрыңыздар.

кемпірқосақтың түсі, киімдерімнің түсі, асыл түс

10. Түстерді салыстырып, бос орынға түр-түстің атауларын жазыңыздар.



Қатысым

20. Монологті оқып, диалог құрыңыздар.

Бізге Мақсат Өмірбекұлы «Қараңғы түнде тау қалғып» атты поэзия кешінің болатынын хабарлады.

Поэзия кешіне біздің тобымыздан Ару мен Дамира қатысты. Ару жаз мезгілі туралы өленді, ал Дамира өзі жазған «Көкшетау» өлеңін оқып берді.

Поэзия кешінде викторина тапсырмалары да орындалды. Біздің тобымыз «Ұлттық бояулар», «Кемпірқосақ – табиғат кереметі», «Туған жер» тақырыптары бойынша қызықты әрі қиын сұрақтарға жауап берді. Тобымыздың білімі мен өнері бәріне ұнады. Тіл үйретушіміз бізді құттықтап, табыс тіледі.

ЖАЗЫЛЫМ

21. «Өз» есімдігін берілген сөздермен тіркестіріңіздер.

_____ Отаны, _____ ауылы, _____ үйі, _____ ұлты, _____ түсі, _____ реңкі,
_____ бояуы, _____ халқы, _____ Туы, _____ жері

22. «Өз» есімдігіне жалғанған қосымшаларды анықтаңыздар.

Сөйлем құрыңыздар.

Өз + і + нің

Өз + ім + нің

Өз + ің + нің

Өз + іңіз + дің

23. Тәуелденген жатыс септігіндегі сөздерді теріп жазыңыздар.

Қалада, халықта, дәстүрінде, түрінде, аспанда, туында, ұлтында, көкте, жерінде, дүкенінде, солтүстікте, солтүстігінде, батыста, батысында, бөлмеде, бөлмесінде, үйінде, халқында

24. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауының III жағын жазыңыздар.

Отан..., Астана..., ауыл..., дәстүр..., ту..., көк аспан..., сұлу жер..., Көкшетау өңір..., ауыл..., табиғат..., түс..., кемпірқосақ түс..., бөлме..., ұлт..., бояу..., реңк...

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (!) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Леп белгісі көтеріңкі дауыспен айтылған лепті сөйлемдерден соң қойылады.

25. Қай сөйлемге леп белгісі қойылады?


Үлгі: *Қандай тамаша!*

1. Киімнің қандай әдемі
2. Бұл киімнің жағасы сәнді екен
3. Сізге мына жейде қалай жарасып тұр
4. Не деген керемет түс
5. Ертең келесің бе

26. Сөйлемдерге қажетті сөздерді қойып жазыңыздар.

1. Мен анама _____ сатып әпердім.
2. Әпкем _____ көйлекті ұнатады.
3. Тілекке _____ жейде сыйладық.
4. Самал _____ қарындаштармен сурет салды.

27. Түстердің атауын жазыңыздар.



1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____
9. _____
10. _____
11. _____
12. _____

13. _____
14. _____
15. _____
16. _____
17. _____
18. _____
19. _____
20. _____
21. _____
22. _____
23. _____
24. _____



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Балалар ауыл сыртындағы спорт алаңына доп ойнауға барды. Сол сәтте жаңбыр жауып өтті де, аспанда кемпірқосақ пайда болды. Кемпірқосақ бойындағы пайда болған түр-түсті досыңызға баяндап беріңіз.

9

ATAMEKEH



Лексикалық қор

адам, табиғат, тау, аспан, жер, өзен, көл, орман, ағаш, шөп, өсімдік, жидек, төрт түлік мал, құстар, гүл, бұлақ, балық, тал, ыстық, жылы, суық



Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Атамекен

Мен демалыс күндері ауылға барамын. Ауыл таудың етегінде орналасқан. Жанында өзен бар, өзеннің суы күзде өте салқын, жазда жылы. Ауылдың шетіндегі қалың орманда биік қарағай, аққайың және емен өседі. Қалың шөптің арасында қызғалдақтар және қызыл, сары гүл өте көп. Тау ішінде сылдыр-сылдыр бұлақ ағады.

Төрт түлік мал өрісте жайылады. Ауылдың ауасы таза. Қыста суық, жиі қар жауады, күзде жаңбыр жауады, суық жел тұрады, тұман болады.

Ауыл көктемi ерекше. Солтүстіктен құстар келіп, жерге көк шығады. Мамыр айы – көктемнің әдемі кезі. Құстар балапан шығарады. Мал төлдейді.

Ал жазда ауыл тіпті әдемі болады. Жазда орман ішінен қара қарақат, таңқурай, бүлдірген, шие тереміз. Көлдерден сазан, көксерке, шортан сияқты балықтарды аулаймыз. Ауыл маған ұнайды.

3. Диалогті оқып, танысыңыздар.

Зульфия: – Кеш жарық, Алмас, төрге шық! Дәм ал!
Сен қай қаладан келдің?

Алмас: – Сәлем, Зульфия! Мен Кентау қаласында тұрамын.
Ол – кішкентай қала. Онда 150 мың халық тұрады.

Зульфия: – Оның табиғаты қандай?

Алмас: – Біздің қаламыздың табиғаты сұлу, жасыл қала десе де болады. Қаланың сыртында кішкентай төбе бар.
Қаланың ортасында өзен ағып жатыр. Оның ерекше табиғаты ауылға ұқсайды.

Зульфия: – Солай ма?

4. Ауылдың ауа райын суреттеңіздер.

Жазда _____ Көктемде _____
Қыста _____ Күзде _____

Грамматика

5. Сәйкестендіріңіздер.

1. ауылға

2. ауылда

3. ауылдан

1. келу

2. тұру

3. бару

1. ауылдың

2. өзеннің

3. шөптің

4. орманның

5. төбенің

1. қасында

2. ішінде

3. арасында

2. жанында

3. ортасында

6. Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыздар.

Үлгі:

Ауыл + ға барамын

7. Сурет бойынша сөйлем жазыңыздар.

_____ бар.
 _____ бар.
 _____ бар.
 _____ бар.



8. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.



- Мен демалыс ауылға бардым.
 Мен демалыста ауылға бардым.
 Ауыл таудың етегі орналасқан.
 Ауыл таудың етегінде орналасқан.



9. Сұраққа жауап жазыңыздар.

1. – Ауылдың табиғаты қандай?
 – _____.
2. – Ауылда өзен, көл, тау бар ма?
 – _____.
3. – Қалың шөптің арасында не өседі?
 – _____.
4. – Сізге ауылдың табиғаты ұнай ма?
 – _____.

Сөйлеу әдебі

10. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыздар. Оқыңыздар.

- Аман-есенсіз бе, ата? Сіз ауылға бардыңыз ба?
 – Аман-есенсің бе, шырағым? Әрине, мен өткен аптада туыстарыма барып келдім.
 – Мен мереке күндері ауылға барып, таза ауамен демалдым.
 – О-о, ауылдың ауасы керемет қой!

11. Сұхбатты репликамен жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

- Қандай _____ ағаш!
- Бұл аққайың ба?
- Иә, аққайың.
- Аққайың – орманның сәні.
- _____!

тамаша,
керемет

12. Сөздерді суретпен сәйкестендіріңіздер.

ағаш, қызыл гүл,
орман, ұя, көл



Оқимыз. Сөйлейміз

13. Топпен жұмыс істеңіздер.

Ауа райы

- Күн салқын ба?
- Бүгін ауа райы суық. Боран соғып тұр. Ауа райы – 20°.
- Ертең ауа райы қандай болады екен?
- Мен интернеттен ауа райын қарадым. Ертең қар жауады. Аяз болады.

Ауа райы туралы айтып беріңіздер.



күндіз +15+20°
түнде +2 +4°



Ауа райы
самал жел қар
суық жел жаңбыр



14. «Қалада» тақырыбына сұхбат құрыңыздар.

Тыңдаймыз. Жазамыз

1. Мәтінді тыңдаңыздар.

Жыл мезгілдері

Ауыл табиғаты жыл мезгіліне қарай өзгереді. Күзде – қоңыр, қызыл, қыста – ақ, көктемде жасыл түске боялады. Ал жазда табиғат әртүрлі реңкте болады. Қазақ танымында түр-түс кемпірқосақ түстерімен беріледі. Кемпірқосақ – табиғат тамашасы.



16. Мәтінді қайта тыңдап, жыл мезгілдеріне байланысты сөздерді теріп жазыңыздар.

АУДИОДИКТАНТ

Ойбеліс

17. Топпен жұмыс істеніздер.

Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Жыл атаулары

Азамат: – Қасиет, сен қай жылы дүниеге келдің?

Қасиет: – Мен сиыр жылы тудым.

Ардақ: – Мен төрт түлік мал туралы ауыз әдебиетінен оқыдым.

Төрт түліктің өз пірлері бар.

Сиырдың пірін «Зеңгі баба» дейді.

Азамат: – Ардақ, мен жылқы жылы тудым. Оны не дейді?

Ардақ: – Жылқының пірін «Қамбар ата» дейді.

Самат: – Мен қой жылы тудым. Қойдың пірін «Шопан ата» дейді.

– Менің қарындасым барыс жылы туған.

Қасиет: – Оның пірін не дейді?

Ардақ: – Барыс – төрт түлік мал емес. Төртінші түлік – түйе.

Оның пірі – «Ойсылқара».

РЕПЛИКАЛАР
төрт түлік мал
ауа райы
табиғат

Жазамыз

18. Қазақ халқы төрт түлік малды қалай атаған?

Төрт түлікке қатысты ұғымдар

Түйенің пірі

Ойсылқара

Жылқының пірі

.....

Сиырдың пірі

.....

Қойдың пірі

.....

19. Берілген екі сөйлемнен бір сөйлем жасаңыздар.

1. Көлдерде сазан, көксерке, шортан сияқты балықтар көп.

2. Орман ішінде қарақат, бүлдірген, шие өседі.

20. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

- 1) Ауыл _____ орналасқан.
- 2) Тау ішінде _____ бұлақ ағып жатыр.
- 3) Төрт _____ мал _____ жайылады.
- 4) Құстар _____ шығарады.
- 5) _____ күн ыстық болады.

21. Мәтіннен мына сөздерге қатысты сөздерді табыңыздар.

- 1) Қыста: _____, _____.
- 2) Көлдерінде: _____, _____, _____.
- 3) Ормандарында: _____, _____, _____.

Үлгі: *Қыста суық, жиі қар жауады.*

22. Берілген сөздермен сөйлем құрып жазыңыздар.

Мұхит, теңіз, көл, өзен

23. Сұраулық шылауларды қатыстырып, сұраққа жауап жазыңыздар.

1. Сен Есіл өзенін білесің ...?
2. Алакөлде болдың ...?
3. Балқаштың суы ащы ...?
4. Теңізде аққулар көп ...?
5. Сырдария өзенінде балықтар бар ...?

24. Сөздердің антонимдерін табыңыздар.

жылы	суық	оңтүстік	жоқ
ыстық	кір, лас	қыс	жаз
батыс	қара	бар	солтүстік
ақ	салқын	бардым	келдім
таза	шығыс		

25. Екі сөйлемді бір сөйлеммен жазыңыздар.

Үлгі: *Мен Отанымды сүйемін. Мен Астанамды сүйемін.
Мен Отаным мен Астанамды сүйемін.*

1. Маған ауыл ұнайды. Маған табиғат ұнайды.
2. Мен орманға барамын. Мен таза ауамен демаламын.
3. Ауылдың жанында өзен бар. Ауылдың қасында орман бар.
4. Бүгін күн жылы. Бүгін аспан ашық.

24. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

- Фархад:* – Ян, сен Қазақстандағы қандай ірі өзендерді білесің?
Ян: – Іле, Жайық, Ертіс өзендерін білемін.
Байрам: – Сырдария, Есіл өзендері де бар.
Фархад: – Жайық өзені қай аймақта орналасқан?
Ян: – Жайық өзені Батыс Қазақстан аймағында орналасқан.
Байрам: – Мен Алакөл, Балқаш көлдерін білемін.
Бүркіт: – Иә, Алакөл және Балқаш көлдерін мен де білемін.
Фархад: – Мен жаз айында отбасыммен бірге Балқашқа бардым. Балқаш көлі үлкен, балықтары да көп екен.
Ян: – Оның суы қандай?
Фархад: – Балқаштың суы ащы.
Байрам: – Менің әпкем Атырауда жұмыс істейді. Онда Каспий теңізі бар. Теңізде аққулар көп екен.

- Шухрат:* – Мен “Қазақ күнтізбесі” кітабынан қазақша жыл атауларын оқыдым. Олардың қалай аталатынын білесіңдер ме?
Мақсат: – Мен барлық жыл атауларын білемін: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз.
Надир: – Жарайсың, Мақсат!
Мақсат: – Менің әкем ұлу жылы, 1964 жылы туған.
Күнсұлу: – Ал менің шешем мешін жылы, 1968 жылы 22 наурызда туған.
Шухрат: – Наурыз қандай мереке?
Мөлдір: – Наурыз – Ұлыстың ұлы күні, ұлттық мереке.

АУДИОДИКТАНТ

Аударма

25. Берілген сөздерді аударыңыздар.

- | | | | |
|----------------|----------|------------|----------|
| Таудың етегі | – _____. | Бұлақ суы | – _____. |
| Ауылдың шеті | – _____. | Мөп-мөлдір | – _____. |
| Шөптің арасы | – _____. | Тап-таза | – _____. |
| Орманның іші | – _____. | Тоғай | – _____. |
| Өзеннің жағасы | – _____. | Өзен | – _____. |
- ***
- | | | | |
|--------|----------|-------|----------|
| Тышқан | – _____. | Жылан | – _____. |
| Сиыр | – _____. | Тауық | – _____. |
| Барыс | – _____. | Жылқы | – _____. |
| Мешін | – _____. | Қой | – _____. |
| Қоян | – _____. | Ит | – _____. |
| Ұлу | – _____. | Доңыз | – _____. |

26.

1. Кітапты жауып, мәтінді тыңдаңыздар.
2. Кітапты ашып, сол бағанадағы сөздерді қойып оқыңыздар.
3. Мәтінді қайталап тыңдаңыздар, өздеріңізді тексеріңіздер.

Аққу

_____ – құстардың ішіндегі ең _____. Қазақ аққуды ерекше _____, Аққу – _____.

Аққудың түсі _____ немесе _____ болады. Оның мойны _____, денесі _____. Сондықтан қазақтар қыздарын _____, _____ болсын деп Аққу есімін қояды.

Аққу – _____ пен _____ символы.

аққу
сымбатты
сирек кездесетін
ұзын
құрметтейді
қара
сымбатты
сұлуы, сұлулық,
ақ, әсемдіктің
сұлу, құс

27. Мәтінді тыңдап, сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

1. Аққу – құстардың ішіндегі ең _____.
2. Қазақ аққуды ерекше _____.
3. Аққу – _____ құс.
4. Аққудың түсі _____ ақ немесе _____ болады.
5. Аққу – _____ пен _____ символы.

Қатысым

Табиғатты қорғау

Снежана: – Қазақстанда табиғатты қорғау қоғамы бар ма?

Зураб: – Жоқ. Мен ол туралы білмеймін.

Болат: – Иә, табиғатты қорғау қоғамы бар.

Зураб: – Ол қоғам немен айналысады?

Болат: – Олар сиреп бара жатқан аң-құстарды, өсімдіктерді «Қызыл кітапқа» тіркейді.

Зураб: – Ол қандай кітап?

Снежана: – «Қызыл кітаптың» қызыл және сары беттері бар. Қызыл түсті бетіне саны аз, ал сары түсті бетіне сирек кездесетін аң-құстар, өсімдіктер жазылады.

Болат: – Иә, Снежана дұрыс айтады.

28. Барыс септігінің жалғауын жалғаңыздар.

Ауыл __, аспан __, орман __, өзен __, көл __, ағаш __, ауа райы __, солтүстік __, оңтүстік __, батыс __, шығыс __, әжем __, атам __, дәрігер __, күн __, бұлт __, жаңбыр __

29. Жатыс септігін жалғап үйреніңіздер.

	түбір + жатыс септігі	түбір + -ы, -і, -сы, -сі + жатыс септігі
Үлгі:	ауыл+да табиғат тау көл орман солтүстік батыс өзен жер ағаш	ауыл+ы+нда табиғат+ы _____ тау+ы _____ көл+і _____ орман+ы _____ солтүстік+і _____ батыс+ы _____ өзен+і _____ жер+і _____ ағаш+ы _____

30. Шығыс септігінің жалғауын жалғаңыздар.

Ауыл __, табиғат __, тау __, орман __, ағаш __, өзен __, көл __, батыс __, шығыс __, оңтүстік __, солтүстік __, ауылдың іші __, шөптің арасы __, өзеннің жаны __, ауа райы __, қар __, жаңбыр __, аспан __

31. Арасы, шеті, жаны сөздерін жалпы есімдермен тіркестіріп жазыңыздар.

Арасы: шөптің _____, гүлдің _____, үйдің _____

Шеті: ауылдың _____, қаланың _____, таудың _____

Жаны: ауылдың _____, өзеннің _____, үйдің _____,

аққайыңның _____, ағаштың _____

ЕСІНІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Диалогті сөйлемдер бас әріппен басталады да, алдынан дефис қойылады.

32. Қажетті тыныс белгісін қойыңыздар.

Мақсат, сәлем! Ауылыңа барасың ба?
Сәлем, Айгүл! Жазда барамын.
Ауылыңның табиғаты қандай?
Табиғаты керемет!
Ауасы да таза шығар?
Әрине, ауасы хош иісті.

33. «Жыл мезгілдері» тақырыбына қатысты сөздерді жазыңыздар.





СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Сіз «Есіл» өзенінің бойында серуендеп жүрсіз. Өзіңіз көрген, көңіліңізге тоқыған мәселелер бойынша (жақсы-жаман іс-әрекет) құрбыңызбен сұхбат құрыңыз.

10

БІЛІМ ЖОЛЫ



Лексикалық қор

қоғам, білім, балабақша, мектеп, бала күтуші, тәрбиеші, жоғары білім орны, сынып, мұғалім, оқытушы, дәріс, оқушы, топ, сабақ, мектеп басшысы, кітапханашы, зияткерлік мектебі

оқушылар

мұғалім



білім



оқытушы, дәріс сабағы

балабақша

Тыңдаймыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз

2. Мәтінді оқыңыздар.

Білім жүйесі

Астана қаласында Білім күні қарсаңында зияткерлік мектеп ашылды. Зияткерлік мектептің ашылуын ата-аналар мен балалар ерекше күтті. Мектепте оқу пәндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқытылады.

Мектеп мультимедиа кабинеттерімен жабдықталған. Оқушылар тапсырмаларды интерактивті тақтада орындайды. Мектепте әртүрлі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыс істейді. Денис «Қазақ тілі» үйірмесіне барып жүр. Себебі ол қазақ тілін жақсы білгісі келеді.

Оқушылар мектептен кейін өздерінің сүйікті мамандықтарын таңдайды. Олар колледж және жоғары оқу орындарына түседі, профессорлардың дәрістерін тыңдайды, семинарларға дайындалады.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – сапалы білім беру.



Грамматика

3. Сәйкестендіріңіздер.

1. білім

1. кестесі

2. оқу

2. күні

3. интерактивті

3. кабинеті

4. мультимедиа

4. тақта

1. сынып жетекшісімен

1. жұмыс істейді

2. сабақ кестесімен

2. танысады

3. тақтамен

3. кездеседі

4. Берілген етістіктерден қалау рай жасаңыздар.

Үлгі: *білім келеді, білгісі келеді*

тыңдау → _____ . оқу → _____ .

сөйлеу → _____ . жазу → _____ .

Жазамыз

5. Сөздерді көмектес септікте жазыңыздар.

мұғалім _____

сынып жетекшісі _____

оқушы _____

оқытушы _____

топ _____

басшы _____

тәрбиеші _____

кітапханашы _____

**6. Дұрыс жазылған сөйлемді белгілеңіздер.**

- Жоғары оқу орнына түсу келеді.
 Жоғары оқу орнына түскім келеді.
 Қазақ тілін жақсы білу келеді.
 Қазақ тілін жақсы білгім келеді.

**7. Жауапқа сұрақ жазыңыздар.**

- _____ ?
 – Менің қызым балабақшаға барады.
 — _____ ?
 – Астана қаласында зияткерлік мектеп ашылды.
 — _____ ?
 – Интерактивті тақтада жаттығу орындаймыз.
 — _____ ?
 – Қазақ тілі сабағында аудиотаспадан мәтін тыңдаймыз.
 — _____ ?
 – Бейнетаспадан профессордың дәрісін тыңдаймыз.

8. Сұхбатты репликамен жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

- Мақсат Өмірбекұлы, кіруге _____ !
 – Кіруге болады.
 – Сізден тапсырманы _____ ?
 – Жарайды.

9. Өзіңіз жұмыс істеп жатқан мекемеңіздің маңдайшасын жазыңыз.**РЕПЛИКАЛАР**

сұрауға бола ма
 бола ма

Сөйлеу әдебі**10. Асты сызылған сөздерді назар аударып оқыңыздар.****Қазақ тілі сабағында**

- Мақсат Өмірбекұлы, сұрауға бола ма?
 – Болады.
 – Көмек бересіз бе? Мен қалау райының III жағы туралы ережені түсінбей қалдым.
 – Жарайды. Көмек берейін.

11. Жұппен жұмыс істеңіздер.

Мультимедиалық кабинетте

- Талап: – Рұқсат па?
 Тіл үйретуші: – Иә, келіңіз.
 Талап: – Электронды оқулықпен жұмыс істеуге бола ма?
 Тіл үйретуші: – Әрине, болады.
 Талап: – Аудиомәтіндерді тыңдағым келеді.
 Тіл үйретуші: – Қандай тақырыпта?
 Талап: – «Білім жүйесі», «Қазақ елі» туралы аудиомәтіндер керек еді.
 Тіл үйретуші: – Жақсы, қазір берейін.

12. Сұхбатты тыңдаңыздар және оқыңыздар.

- Сағат қанша?
 – Сағат 12.00

Қанша?

Қашан?

- Сен жұмысқа қашан барасың? – Үйге қашан қайтасың?
 – Мен жұмысқа сағат 7.40-та барамын. – Жұмыс аяқталған соң.



Сағат
жетіден 40 минут кетті

Сағат он екі



Сағат
сегізге 20 минут қалды

- Сағат қанша болды?
 – Қазір сағат сегізден 15 минут кетті.
 – Рақмет.
 – Айтып жіберіңізші, сағат қанша болды?
 – Дәл білмеймін. Менің сағатым алда (кейін).
 Меніңше, екіден 24 минут кетті.
 – Рақмет.

Бір минут
Бір секунд
Сәл күте тұр

13. Хабарландыруды оқыңыздар. Оның жазылу ерекшелігіне назар аударыңыздар. Топ (ұжым) жиналысына арналған хабарландыру жазыңыздар.

*Құрметті ата-аналар мен оқушылар!
 Білім күніне орай ашылған зияткерлік мектептің,
 алғашқы жиналысы болады.*

*Жиналысқа ата-аналар мен қызметшілер қатысуы тиіс.
Жиналыс мектептің салтанат залында сағат 16.00-де болады.*

Тірек сөздер: тіл үйренушілер, жартыжылдық, тоқсандық, қорытынды, оқу үлгерімі, дәріс, семинар, тәртіп, уақыты, өткізілетін жері

Тыңдаймыз. Жазамыз

14. Мәтінді тыңдаңыздар.

Мектепке кірдім... Мынау біздің класс, әлі ешкім келе қоймаған түрі бар. Орынды қай жерден алсам екен деп, біраз ойланып тұрдым. Мұғалімнің қарсы алдына отырсам, қалай болады? Жоқ, одан да ең арты тиімді... Бірақ әдетте, артқы парталарға сабақты нашар үлгеретін балалар әуес келеді. Өзіне сенімді күштілер қасқайып алда отырады. Немене, мен солардан кеммін бе? Ең алға, мұғаліммен бетпе-бет отырайын деген шешімге келдім.

(Б.Соқпақбаев)

АУДИОДИКТАНТ

15. Мәтінді қайта тыңдап, мектеп өміріне қатысты сөздер мен сөз тіркестерін жазыңыздар.

16. Топпен жұмыс. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Жазамыз

17. Мәтінді III жақта жазыңыздар.

Мен қазақ тілі сабағын жақсы көремін. Сабақта интерактивті тақтамен жұмыс істеймін. Аудиотаспадан мәтін тыңдаймын. Досыммен бірге жаттығу орындаймын, грамматикалық кестелерді толтырамын. Бейнетаспадан оқу фильмін көремін. Бұл маған өте ұнайды.

Аптасына екі рет қазақ тілі үйірмесіне барамын. Мен қазақ тілі үйірмесінде қазақша сөйлеймін, сұрақтарға жауап беремін, жаттығулар орындаймын. Қазақ тілі үйірмесі қызықты өтеді.

18. Жоғарыдағы мәтін бойынша сауалнаманы толтырыңыздар.

Сауалнама	
1. Мәтіннің тақырыбы қандай?	
2. Мәтін не туралы?	
3. Мәтіндегі тірек сөздер?	
4. Мәтіндегі таныс лексика?	
5. Мәтіндегі таныс емес лексика?	

19. Төмендегі сөйлемдерді бір сөйлеммен жазыңыздар.

1. Гүлжанға волейбол ұнайды. Гүлжанға баскетбол ұнамайды.
2. Тілек қазақша күресті жақсы көреді. Ол шахмат ойнауды да ұнатады.
3. Коля кітап оқиды. Ол кітапханаға көп барады.
4. Мектепте қазақ тілі үйірмесі жұмыс істейді. Мектепте спорт үйірмесі де жұмыс істейді.
5. Тіл үйренушілер сабақ кестесімен танысады. Олар кітапханадан оқулықтар алады.

Аударма

20. Сөйлемдерді аударыңыздар.

	Аудармасы
1. Менің ағылшын тілін үйренгім келеді.	
2. Мен спорт үйірмесіне барып жүрмін.	
3. Бейнетаспадан оқу фильмін көремін.	
4. Қазақ тілі үйірмесі қызықты өтеді.	

Қатысым

21. Топпен жұмыс. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

- Денис:* – Мен қазақ тілі үйірмесіне барып жүрмін.
Қазақ тілін үйренгім келеді.
- Жансу:* – Менің ағылшын тілі үйірмесіне барғым келеді.
- Қасиет:* – Ал мен спорт үйірмесіне барып жүрмін.
Маған қазақша күрес ұнайды.
- Жансу:* – Арсен кеше шахматтан бірінші орын алды.
- Денис:* – Ол шахматты жақсы ойнай ма?
- Жансу:* – Иә, өте жақсы ойнайды.
Жыл сайын бірінші орынды жеңіп алады.

22. «Кім қандай үйірмеге қатысады?» Сөйлем жазыңыздар.

1. Денис _____.
2. Қасиет _____.
3. Арсен _____.

23. Көмектес септігінің жалғауын жалғаныздар.

Білім беру жүйесі _____, оқу орны _____, жоғары оқу орны _____, тіл үйретуші _____, топ, басшысы _____, семинар сабақ _____, тіл үйренуші _____, жаттығу _____, тапсырма _____, тақта _____, бейнетаспа _____, интерактивті тақта _____, жетекші _____, оқу кестесі _____, оқулықтар _____, үйірме _____, кабинет _____

24. Есімдіктерді қалау райлы етістіктермен сәйкестендіріңіздер.

Сенің	барғым келеді.
Сіздің	барғысы келеді
Оның	барғыңыз келеді
Менің	барғың келеді
Біздің	барғыларың келеді
Сендердің	барғымыз келеді

25. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді қолданып, сөйлем құрыңыздар.

(Қазақ тілін, университетке) _____ білгім келеді, (кітапты, колледжге) _____ барғың келеді, (тапсырманы, тіл үйретушімен) _____ кездескіңіз келеді, (аудиотаспаны, кітапты) _____ оқығым келеді, (оқу орнына, дискіні) _____ тыңдағың келеді, (жаттығуды, кітапты) _____ орындағымыз келеді.

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (“ ”) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Газет, журнал, кітап, шығарма, қаулы, кино т.б. аттары тырнақшаға алынып жазылады

26. Газет, журнал, әңгіме атауларын тауып, тырнақшаға алыңыздар.

Үлгі: *Мен Абай Құнанбаевтың «Абай жолы» романын оқыдым.*

1. Арман Егеменді Қазақстан газетін оқыды.
2. Мен Жұлдыз журналын сатып алдым.
3. Кітапханадан Мөлдір бұлақ журналын алдым.
4. Мен Сәкен Сейфуллиннің Көкшетау поэмасын оқыдым.
5. Асқар Абайдың Қыс өлеңін жатқа айтты.

27. Сөз тіркестерін құрыңыздар.



28. Сөздерді орын тәртібіне қарай қойып, сөйлем құрыңыздар.

1. Біздің, жұмыс істейді, ұжымымызда, елу, адам

2. Мекеменің, залында, салтанат, болды, концерт

3. екі рет, аптасына, Қазақ тілі, қатысамын, сабағына

4. Тіл үйретушіміз, маман, білікті

29. Тірек сөздерді пайдаланып, өз ұжымыңыз туралы әңгіме жазыңыздар.

Ұжым, жетістік, қатысамын, маман, ұнайды, қазақ тілі, жақсы көремін, ағылшын тілі, оқимын, үйренгім келеді, жұмыс істеу, мамандық, қажет



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Тіл үйренуші тест орталығына барып, өзінің қазақ тілінен білім деңгейін анықтағысы келді. Ол тест сұрақтарына жақсы жауап беру үшін кітапханаға барып, ұзақ дайындалды. Нәтижесінде «Болашақ» бағдарламасына өтті. Ол мұндай жетістікке қалай жетті? Өз жауабыңыздың нұсқасын ұсыныңыз.

11

МЕНИҢ ОТАНЫМ



Лексикалық қор

қоғам, мемлекет, халық, ұлт, тәуелсіз ел, рәміз, нышан, халық саны, шекара, өңір, аймақ, кеніш, қала, ірі қала, бас қала, кент, шаһар, астана



Тыңдау сәті

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар. Қайталаңыздар.

Оқимыз.

2. Мәтінді оқыңыздар.

Менің Отаным

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алды. 16 желтоқсан Тәуелсіздік күні деп аталды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болды. Тәуелсіз еліміздің өз мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар.

Қазақстанның аумағы өте үлкен. Қазақ елі Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан мемлекеттерімен шектеседі. Қазақстанның шекарасы батыстан шығысқа дейін 2800 шақырымды алып жатыр.

Батысында Каспий теңізі орналасқан. Каспий теңізінде мұнай және газ кеніштері бар. Қазақстанның оңтүстігінде көкөніс, жеміс-жидек көп өседі. Солтүстігінде егін жақсы өседі. Ал шығыс аймағы түрлі-түсті металға бай. Орталық Қазақстанда көмір шығарады.

Астана – Қазақстанның бас қаласы. Ол еліміздің солтүстігінде орналасқан. Қазақстан халқының саны 17 миллион.

Грамматика

3. Сан есімдерді сөздермен жазыңыздар.


1991 – _____ 1600 – _____
16 млн – _____ 2800 – _____

4. Сөз қатарларын оқып, айырмашылығын айтыңыздар.

аумақ – аумағы
аймақ – аймағы

тәуелсіздік – тәуелсіздігі
шық – шығады – шығарады

5. Сызбаларды қолданып, сөз тіркестері арқылы сөйлем құрыңыздар.



6. Синонимдік қатар жасаңыздар.

бірінші – _____
белгі – _____

7. Антонимін қойыңыздар.

алғашқы – _____
үлкен – _____
кең – _____
ірі – _____

8. Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап жазыңыздар.

1. – Қазақ елі тәуелсіздігін қашан алды?
– _____.
2. – Қазақстан Республикасының Президенті кім?
– _____.
3. – Тәуелсіз еліміздің рәміздерін білесіз бе?
– _____.
4. – Қазақстанның шекарасы үлкен бе?
– _____.
5. – Ол қай мемлекеттермен шектеседі?
– _____.
6. – Каспий теңізі қайда орналасқан?
– _____.
7. – Қазақстан халқының саны қанша?
– _____.

9. Тірек сөздерді пайдаланып, Қазақстанның аймақтары туралы шағын әңгіме жазыңыздар.

Тірек сөздер: Қазақстан, шығу, өсу, бар, оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс

10. Берілген суретті пайдалана отырып, басым сөздер мен сөз тіркестерін қолданып, сөйлем құрыңыздар.



Басым сөздер мен сөз тіркестері:
шекара, жер, өңір, аумақ,
қалалар, көмір, жеміс-жидек,
егін, мұнай.

11. Асты сызылған сөздерді айтып үйреніңіздер.

1. – Кешіріңіз, мен сізден сұрайын деп едім, қазір Қазақстан халқының саны қанша?

- Жақсы, айтайын, халық саны 17 миллион.
- Көмегіңізге рақмет!

2. – Мен қазақ тілінде сұрайын деп едім.

- Көмектесіп жіберіңізші. Мен қазақша жақсы түсінбеймін.

*кешіріңіз
сұрайын деп едім
көмектесіп
жіберіңізші
көмектесейін
көмегіңізге рақмет*

Жазамыз

12. Репликаларды жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

1. – Мақсат Өмірбекұлы, мен сізден _____, бүгінгі күні Қазақстандағы халық саны қанша?

- _____, халық саны 17 миллион.
- _____, _____!

РЕПЛИКАЛАР

*сұрайын деп едім,
меніңше,
көмегіңізге рақмет*

Оқимыз. Сөйлейміз

13. Жүппен жұмыс.

Демалыс

Кемил: – Сен қай жерден келдің? Немен келдің?

Надир: – Мен Көкшетаудан «Ерейментау-Астана» жүйрік пойызымен келдім. Ал сен қайдан келдің?

Кемил: – Мен Атырау қаласынан келдім.

Надир: – Алыстан келіпсің ғой. Пойызбен келдің бе?

Кемил: – Жоқ, мен Атырау халықаралық әуежайынан «Эйрбас А320» ұшағына отырдым.

Надир: – Атыраудан Астанаға дейін ұшақ неше сағат ұшады?

Кемил: – 2 сағат 30 минут ұшады.

Надир: – Сау бол! Кездесеміз.



*Қош келдіңіз!
Қандай жаңалық бар?
Жаңалық жоқ.
Кездескенше!*

Жазамыз

14. Төменде берілген кестені толтырыңыздар.

Ұшақ кестесі		
Ұшақ рейсі №	Кету уақыты	Келу уақыты
978 «Эйр Астана»	18.00	18.15
253 «Трансавиа»		



Пойыз кестесі		
Пойыз №	Кету уақыты	Келу уақыты
211 «Отырар»	18.00	18.15
174 «Тұлпар»		
322 «Алатау»		
95 «Сарыарқа»		

Жолақы билеті

211 «Отырар»
Сағат: 14.00
5 наурыз
Астана-Көкшетау



Жолақы билеті

2011 ұшақ
Сағат: 21.00
1 мамыр
Астана-Ақтау



Алматыға немен барады?

Мерзімі	Ұшақ нөмірі	Пойыз нөмірі	Автобус нөмірі	уақыты	бағасы
таңертен					
күндіз					
кеше					

Тыңдаймыз. Жазамыз

15.

1. *Кітапты жауып, мәтінді тыңдаңыздар.*
2. *Оң бағанадағы сөздерді бос орынға қойып, мәтінді оқыңыздар.*

Киіз үй, домбыра, қобыз – қазақтың ұлттық белгілері

_____ – қазақ халқының ұлттық белгісі. Жазда киіз үйдің ауасы _____, _____, қыста киіз үй _____. Халқымыз киіз үйді бүгінге дейін _____.

Қазақтың тағы бір _____ – домбыра. Қазақтың _____ оның _____ байланысты. Домбырамен _____, _____.

Қазақтың _____: Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина.

_____ бойынша _____ алғаш рет ойнаған Қорқыт ата. Қобыз дауысымен _____ мен _____, _____ пен _____, жақсылық пен жамандықты сезеді. _____ табиғаттағы барлық дыбыстарды жеткізуге болады.

16. Мәтінді тыңдап, Қазақстанның ұлттық белгілері туралы жазыңыздар.

ел, жердің сұлулығы, таза қобыздың үнімен салқын, жылы сақтап келеді тарихымен, күй тартады, белгісі киіз үй, ән айтады домбырасы атақты күйшілері қобызда мейірімділік қаталдық, аңыз

17. Полилогтен монолог жасаңыздар.

Анжела: – «Егемен Қазақстан» газетінен хабарландыру оқыдың ба?
Бір аптадан соң үздік инновациялық жобалар байқауы өтеді.

Осман: – Оқыдым. Байқауға қатысамын.
Елбасының қатысуымен инновациялық форум да өтеді.

Денис: – Не дейсің? Естімей қалдым. Байқау? Қандай байқау?

Анжела: – Мен әлеуметтік жоба жазамын.

Кемал: – Тамаша! Менің дайын ғылыми жұмысым бар.

Анжела: – Мен өзімнің туған жерім, тәуелсіз Қазақ елі туралы, ел рәміздері туралы жазамын.

Осман: – Табыс тілеймін!

Аударма

18. Сөздерді аударыңыздар.

шекара – _____ егін – _____ мұнай – _____
аймақ – _____ металл – _____ өседі – _____
рәміз – _____

Сөйлеу әдебі

19. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыздар. Оқыңыздар.

Елдар: – Озан, мереке күндері Астанаға кел.
Мен сені Астананың көрікті жерлерімен таныстырамын.
«Хан шатыр» ойын-сауық кешеніне барамыз.

Озан: – Жарайды. Шақырғаныңа рақмет. Келемін.

Елдар: – Көріскенше.

20. Сұхбатты репликамен жазыңыздар. Жазылуын ескеріңіздер.

– Ардақ, мереке күндері Астанаға кел!
– _____, келемін.
– _____.

РЕПЛИКАЛАР

көріскенше
шақырғаныңа
рақмет

Жазамыз

21. «Менің туған жерім» тақырыбына эссе жазыңыздар.


1. _____
2. _____

22. Тірек сөздерді қолдана отырып, мәтінді дамытыңыздар.

Қазақ елінің жері кең, аумағы үлкен. Қазақстан елінің шекарасы

Тірек сөздер: Ресей, Қытай, шектеседі, батысында, теңіз, мұнай, егін, металл, көмір, бас қала, халық, саны, бай.

23. Сөз тіркесін құрыңыздар.



Оқимыз. Сөйлейміз

24. Полилогті рөлдерге бөліп оқыңыздар.

- Бекзат:* – Сәлем, достар!
Диляра: – Қайырлы күн, Бекзат!
Анжела: – Сәлеметсіңдер ме, достарым?
Диляра: – Бүгінгі сабақта Ұлттық музей туралы айтылды.
Бекзат: – Ұлттық музей қай қалада орналасқан?
Зульфия: – Ол Астана қаласында орналасқан.
Анжела: – Сен онда болдың ба?
Зульфия: – Иә, болдым. Музейде 5 мыңға жуық заттық экспонат қойылған.
Бекзат: – Мен де музейде болдым. Онда жәдігерлер, құнды заттар қойылған.
Анжела: – Рақмет, достар. Мен енді Ұлттық музей туралы білетін боламын.

25. Сөйлемдерге сұрақ қойыңыздар.

Үлгі: *Аңыз бойынша алғаш рет қобызда кім ойнаған?*

Аңыз бойынша Қорқыт ата қобызда алғаш рет ойнаған. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болды. Бәйтерек – Астана қаласының нышаны. Киіз үй – қазақ халқының ұлттық белгісі. Киіз үйдің шаңырағы, уығы, керегесі және есігі бар.

26. Үлгі бойынша сөйлем құрып, жазыңыздар.

Үлгі: *Ол сабаққа дайындалуға уақыт табады.*

Ол	сабақ тапсырма кітап	дайындалу оқу орындау	уақыт табады
Ол	Абай Пушкин Лермонтов Толстой	кітаптар	оқыған
Ол	кітапхана театрға концертке көрмеге	жиі	баратын

27. Диалогті оқып, монолог құрыңыздар.

- Қазақстан қандай ел?
- Қазақстан – тәуелсіз ел.
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті кім?
- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Н.Ә.Назарбаев.
- Қазақстан қай жылы тәуелсіздігін алды?
- 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алды.
- Егемен елдің қандай рәміздері бар?
- Егемен елдің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны бар.
- Қазақстан қандай елдермен шектесіп жатыр?
- Қазақстан Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан елдерімен шектесіп жатыр.

Қатысым

28. Жеке сөздермен дұрыс сөйлем құрыңыздар.

1) тәуелсіз, ел, Біздің

2) Батысында, бар, теңізі, Каспий

3) өседі, егін, Солтүстігінде

4) металға, бай, түрлі-түсті, Шығыс аймағы

5) көмір, Қазақстанда, Орталық, бар

29. Полилогті оқып, мәтінге айналдырыңыздар.

- Бінтымақ:* – Біздің Астанамызда ескерткіштер көп.
Бірлік: – Иә, әсіресе қазақ хандары мен батырларының ескерткіштері көп.
Әсем: – Дұрыс айтасың, Айсұлу. Астанада Қабанбай, Бөгенбай, Қарасай батырларға ескерткіштер қойылған.
Мақсат: – Қабанбай ескерткіші Қабанбай көшесінде орналасқан.
Тілек: – Қалада үш бидің де ескерткіштері бар.
Айсұлу: – Мен Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би туралы қазақ әдебиетінен көп оқыдым.
Бінтымақ: – Мақсат, сен батырлардың ескерткішін көргің келе ме?
Мақсат: – Әрине, көргім келеді.
Бінтымақ: – Онда жүр! Біз сені Астана қаласымен таныстырамыз.

30. Ойбөліске қатысып сөйлесейік.

- Ботагөз:* – Қазақ өлеңдерін тыңдағанды жақсы көремін.
Мейрамбек: – Менде “Қазақтың мың күйі және мың әні” дискісі бар.
Саиша: – Ол дискілерді тыңдауға бола ма?
Мейрамбек: – Әрине, болады.
Саиша: – Мен домбыра тартып, ән айта аламын.
Ботагөз: – Рас па? Қайдан үйрендің?
Саиша: – Мен домбыра үйірмесіне барып жүрмін. Жақында Құрманғазының күйін үйрендім. Енді Динаның күйлерімен таныса бастадым.
Ботагөз: – О, керемет қой! Талабыңа нұр жаусын!
Саиша: – Рақмет, Ботагөз.
Мейрамбек: – Достар, ұлттық аспаптар оркестерінің концертіне барайық.
Раушан: – Жаксы, барайық.
Бүркіт: – Әрине, барамыз.

ҚАЗАҚ ЕЛІ

31. Дара сан есімдерді және күрделі сан есімдерді топтап жазыңыздар.

Үш, он төрт, он бес, он алты, бес, алты, он сегіз, жеті, он тоғыз, жиырма, отыз, отыз екі, қырық сегіз, елу, елу жеті, алпыс, сексен алты, жүз, жүз үш, бір мың үш жүз жиырма алты, бес мың алты жүз тоқсан бес, екі мың тоғыз

Дара сан есім	Күрделі сан есім

32. Берілген күрделі сан есімдерді сөзбен жазыңыздар.

Үлгі: 12 қыркүйек – он екінші қыркүйек

- | | |
|-----------------|-----------|
| 11 тіл үйренуші | 1) _____ |
| 13 оқулық | 2) _____ |
| 25 кітап | 3) _____ |
| 34 – пәтер | 4) _____ |
| 55 – үй | 5) _____ |
| 61 – дәрісхана | 6) _____ |
| 72 мемлекет | 7) _____ |
| 82 шақырым | 8) _____ |
| 95 километр | 9) _____ |
| 1997 жыл | 10) _____ |

33. Берілген етістіктерге -а, -е, -й жұрнақтарын жалғаңыздар.
Етістіктерді I, II, III жақтарға жіктеп жазыңыздар.

Үлгі:

	∪	∧	⊔
түбір +	жұрнақ +	жалғау	
үш +	а +	мын	
үш +	а +	сың	
үш +	а +	ды	

Сөздер: келу, қатысу, сезу, тілеу.





СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Сіздің Түркияда тұратын түрік замандастарыңыз қонаққа келді. Олар Қазақстанға бірінші рет келген еді. Түріктер Қазақстанды өзінің «атажұрты» деп түсінеді. Оларға біздің еліміздің көрікті жерлерін көрсеткіңіз келді. Сіз саяхатты қай жерден бастар едіңіз?

Жыл	Қала	Сәуір	Мамыр	Маусым	Сәуір	Мамыр	Маусым
I. Мамыр							
II. Сәуір							
III. Маусым							

ЫНТЫМАҚТЫ ОТБАСЫ

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

